



ТАРИХИ ТАҒАЙЫНДАУЛАР

2-БЕТ



ӨЗ-АҒАҢНЫҢ ӨЗІ ҚҰРҒАН МҰРАЖАЙ

6-БЕТ



ШЕБЕРЛЕРМЕН БІРГЕ ШЫҢДАЛ!

9-БЕТ



КЕЛ, БАЛАЛАР, ОҚЫЛЫҚ!

Бүгін – 1 қыркүйек, қаланың ең қарбалас күні. Әрі әрбір арманшыл оқушы балалардың тағы бір жаңа белесінің басталатын сәті. Мегалополисте оқу жылына дайындық жан-жақты әрі тыңғылықты жүргізілді. Білім беру нысандарындағы жөндеу жұмыстары да толық аяқталды. Маңызды күндегі қала қозғалысы да алдын ала назарға алынып, балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету шаралары жүзеге асырылды.

Кеше Алматы қаласының әкімі Дархан Сатыбалдының төрағалығымен жаңа оқу жылына дайындық мәселелері талқыланды. Жиында жолдағы ахуал, қоғамдық көлік, мектеп маңындағы қауіпсіздік және жол-құрылыс жұмыстары қаралды.

Әкім жауапты қызметтерге жұмысты күшейтілген режимге көшіріп, қыркүйектің алғашқы күндері қоғамдық көліктің тұрақты жұмысын қамтамасыз етуді, кептелістерге жедел ден қоюды және жолдарды негізсіз жаппауды тапсырды.

Шаһар басшысы балалардың қауіпсіздігіне ерекше назар аударып, мектеп маңындағы жол қозғалысын

бақылауды күшейту және көлік ағыны ең көп учаскелерде қосымша қауіпсіздік шараларын қабылдауды міндеттеді.

Алматыдағы білім мекемелерінің қатарында балабақшалар, мектептер, колледждер мен қосымша білім беретін ұйымдар бар. Аталмыш мекемелерде жалпы саны жарты миллионға жуық бала білім алады. Тағы бір жаңа жүйе – SANA. Ол педагогтердің оқу жүктемесін, жалақы есептеуді, жұмыс уақытының табельдері мен қызметкерлер туралы нақты деректерді автоматты түрде салыстыратын болады.

«Мұғалім балалармен жұмыс істеп, мектеп директоры білім сапасына көңіл бөлуі керек. Олар бітпейтін кесте жасап,

есеп толтырумен айналыспауы тиіс. SANA жүйесі сәйкессіздіктерді автоматты түрде анықтауы керек. Мысалы, қосарланған жалақы, артық сағат пен іс жүзінде жұмыс орнында жоқ қызметкерлерді. Бұл бюджеттің ашықтығы мен мектеп жұмысын дұрыс ұйымдастыру мәселесі. Қолмен істелетін күнделікті жұмыс неғұрлым аз болса, білім беруге соғұрлым көп уақыт қалады», – деді Сәкен Аралбаев.

Мектепке қатынауы қиын балалар, сондай-ақ жөндеу жұмысына байланысты уақытша жабылған мектептердің оқушылары үшін 287 мектеп автобусы жұмыс істейді. Олар 64 мектептен 13 мыңнан астам баланы тасымалдайды.

Оқушылардың оқу кестесінде де өзгеріс болады. 5–7-сынып оқушылары үшін «Конституция негіздері» пәні, 8–11-сынып оқушылары үшін «Заң мен тәртіп» курсы енгізіледі. Сонымен қатар, «Жеке қауіпсіздік» курсы жалғасып, «Жасыл мектеп» экологиялық жобасы енгізіледі.

(Жалғасы 5-бетте).

БІЗДІ ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІЛЕРДЕН ОҚЫҢЫЗ:



АҚОРДА



ТАРИХИ ТАҒАЙЫНДАУЛАР

Мемлекет басшысы Құрылтай депутаттарының келісімімен ҚР Вице-президенті мен Премьер-министрін тағайындады.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Құрылтай отырысына қатысып, Конституцияның 46-бабына сәйкес, Қазақстан Республикасының Вице-президенті мен Премьер-министрінің кандидатураларын Құрылтай депутаттарымен келісті.

Дауыс беру қорытындысы бойынша Вице-президент лауазымына Ерлан Қариннің кандидатурасы, Премьер-

министр лауазымына Олжас Бектеновтің кандидатурасы депутаттардың басым дауысымен қолдау тапты. Мемлекет басшысы Вице-президент және Премьер-министр лауазымдарына ұсынылған кандидатураларды қолдағаны үшін Құрылтай депутаттарына ризашылығын білдірді. Осыдан кейін Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасының Вице-президенті ретінде Ерлан Тынымбайұлы Қаринді, Премьер-министр ретінде Олжас Абайұлы Бектеновті және Қауіпсіздік кеңесі төрағасының орынбасары лауазымына Аида Ғалымқызы Балаеваны тағайындау туралы Жарлыққа қол қойды.

Қасым-Жомарт Тоқаев Ақордада Вице-президент

Ерлан Қаринді, Премьер-министр Олжас Бектеновті және Қауіпсіздік кеңесі төрағасының орынбасары Аида Балаеваны жеке-жеке қабылдады.

Мемлекет басшысы Ерлан Қариннің алдына бірқатар нақты міндет қойды. Атап айтқанда, Вице-президентке Құрылтаймен, Үкіметпен және басқа да мемлекеттік органдармен өзара іс-қимыл барысында Мемлекет басшысының атынан өкілдік етіп, мемлекеттік саясаттың негізгі мәселелері бойынша ұстанымын жеткізу тапсырылды.

Қайта тағайындалған Премьер-министр Олжас Бектеновті қабылдау барысында Президент Үкіметтің алдағы кезеңге арналған басты міндеттерін айқындап, елдің әлеуметтік-экономикалық дамуына қатысты бірқатар тапсырма берді.

Мемлекет басшысы экономикалық өсімнің тұрақты қарқынын қамтамасыз ету, мемлекеттік басқару тиімділігін арттыру және азаматтардың әл-ауқатын дәйекті түрде жақсарту қажет екеніне назар аударды. Барлық мемлекеттік органды ортақ іске жұмылдырып, орындаушылық тәртіпті күшейтуді және Үкімет қызметінде нақты нәтижелерге қол жеткізуге баса мән беруді тапсырды.

Қазақстан Республикасы Қауіпсіздік кеңесі төрағасының орынбасары лауазымына тағайындалған Аида Балаеваны қабылдау кезінде Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан Республикасы Қауіпсіздік Кеңесі Аппаратының құрылуына байланысты бірқатар басым міндеттерді айқындады. Президентке тікелей бағынатын және есеп беретін жаңа мемлекеттік орган ұлттық қауіпсіздікті, заң мен тәртіпті қамтамасыз етумен айналысады.

Әзірлеген Досбол АТАЖАН.
(Дереккөз: <https://www.akorda.kz/>).

САРАП-TIME

ЖАҢА САЯСИ МАУСЫМ

Құрылтайға жүктелген маңызды миссия қандай?

28 тамызда Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев бірінші шақырылымдағы Құрылтайдың алғашқы сессиясын ашты. Бұл Қазақстанның жаңа Конституциялық жүйесінің толыққанды іске қосылғанын білдіретін тарихи саяси кезең. Президент өз сөзінде Құрылтайдың елдегі билік жүйесін жаңғыртатын, заң шығару сапасын арттыратын және қоғамдағы жаңа саяси мәдениетті қалыптастыратын институт болуы керектігін атап өтті.

Жаңғырған институт

Қазақстан саяси реформалардың жаңа кезеңіне аяқ басты. Жалпыұлттық референдум арқылы қабылданған жаңа Конституция енді нақты институттар арқылы жүзеге аса бастады. Соның ең маңызды көрінісі бір палаталы заң шығарушы орган Құрылтайдың алғашқы сессиясының ашылуы.

Президент өз сөзінде Құрылтайдың тарихи мәніне арнайы тоқталды. Қазақ тарихында Құрылтай ел тағдырын шешетін маңызды институт болғанын айтып, жаңа заң шығарушы органға дәл осы атаудың берілуін тарихи сабақтастықпен байланыстырды. Оның айтуынша, бұл өткенге оралу емес, ұлттық саяси дәстүрді заманауи мемлекеттік басқару жүйесімен ұштастырудың көрінісі.

«Төл тарихымызға зер салсақ, Құрылтайда мемлекеттік маңызы бар мәселелер кеңінен талқыланып, ортақ шешімдер қабылданған. Бұл институттың жаңа кезеңде де жөні бөлек болары анық. Себебі, Құрылтай билік жүйесін түбегейлі жаңғыртады, бүкіл мемлекеттік аппараттың жұмысына тың серпін береді. Құрылтай ұлттық заңнама сапасын арттыру арқылы еліміздің құқықтық негізін нығайта түседі, – деді Мемлекет басшысы.

Биліктің ықпалды тармағы

Сонымен қатар, Президент Құрылтайдың нақты институционалдық мүмкіндіктерін де атап өтті. Енді депутаттар Конституциялық сот судьяларын, Орталық сайлау



комиссиясы мен Жоғары аудиторлық палата мүшелерін келісу рәсіміне қатысады. Үкіметке сенімсіздік білдіру құқығына ие болады.

«Сондықтан Құрылтайдың құрылымы жасақталған соң мен өздеріңізге Вице-президенттің және Премьер-министрдің кандидатуралары бойынша ұсыныс енгіземін. Содан кейін сіздермен ақылдасып, Үкімет мүшелерін тағайындаймын. Сонымен қатар, жаңа лауазымды – Қауіпсіздік Кеңесі төрағасының орынбасарын тағайындаймын. Құрылтай мен Үкімет құрамы толық айқындалған соң жыл сайынғы Қазақстан халқына Жолдауымды жариялаймын. Жолдауда көтерілген барлық бастаманы атқарушы және заң шығарушы билік өкілдері бірлесіп, уақытылы әрі сапалы жүзеге асыруға тиіс. Лауазымды тұлғалардың бәрі, әсіресе, қызметіне енді кірісетін азаматтар алдымызда тұрған ортақ мақсат-міндеттерді білуі керек», – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Яғни Құрылтай заң қабылдайтын ғана емес, мемлекеттік басқарудың негізгі институттарын қалыптастыруға ықпал ететін органға айналып отыр. Бұл Қазақстан парламентаризміндегі сапалық өзгеріс.

Алайда, өкілеттіктің кеңеюі жауапкершіліктің де артуын білдіреді. Прези-

дент депутаттарға халықтың аманатына адал болуды бірнеше рет еске салды. «Қазіргі заман құр уәденің емес, нақты істің уақыты» деген пікірі жаңа шақырылым жұмысының басты өлшемін айқындайды. Сондықтан дәл осы тұста Құрылтайдың алғашқы шақырылымының тарихи ерекшелігі байқалады. Ол елдегі жаңа Конституциялық модельдің қалыптасу кезеңімен тұспа-тұс келіп отыр. Сондықтан бірінші шақырылым тек заң шығарып қана қоймай, жаңа саяси институттың жұмыс мәдениетін қалыптастыруы керек.

Әрине, Құрылтай жұмысының алғашқы кезеңі бейімделу үдерісінен өтеді. Комитеттердің жұмысы, жаңа рәсімдер, депутаттық тәжірибе бірден қалыптасып кетпейді. Себебі, кез келген жаңа институт алдымен өзінің ішкі жұмысын жүйелейді. Десе де, қазіргі Құрылтай құрамында парламентаризмнің сабақтастығы сақталған. Сондықтан бейімделу кезеңі жылдам өтуі мүмкін.

Ендігі өлшем – нәтиже

Президент бұл күнді «ұлт жылнама-сының жаңа парағы ашылған тарихи сәт» деп атады. Бұл анықтама жәй ғана

саяси риторика емес. Өйткені, елімізде мемлекеттік басқару архитектурасы өзгеріп, заң шығару жүйесі жаңа форматқа көшті. Құрылтайдың алғашқы шақырылымы осы реформалардың өміршеңдігін дәлелдеуі тиіс. Сондықтан бүгінгі саяси маусымның басты ерекшелігі реформалар кезеңінен нәтижелер кезеңіне өту.

Осыған орай Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Құрылтай алдына қойған міндеттердің ішінде үш бағыт ерекше назар аудартады.

Біріншісі, жаңа Конституцияға сәйкес заңнаманы толық бейімдеу. Құрылтай әрбір заңды қайта қарап, оның Конституцияға сәйкестігін қамтамасыз етуі тиіс. Бұл жаңа саяси жүйенің іргетасын қалыптастыратын жұмыс.

Екіншісі, заң шығару сапасын арттыру. Президент заңдардың халыққа түсінікті, әділетті және заман талабына сай болуы керектігін ерекше айтты. Бұл жерде тек көп заң қабылдау емес, сапалы құқықтық шешім қабылдау мәселесі көтерілді.

Үшінші бағыт технологиялық жаңғыру. Мемлекет басшысы заң шығару қызметінде жасанды интеллектті қолдануды ұсынып, «Е Parliament» жүйесін тезірек іске қосуды тапсырды. Бұл Қазақстандағы заң шығару процесін цифрландырудың жаңа кезеңі болуы мүмкін.

Осы бастамалардың барлығы Құрылтай жұмысының жаңа сипатын көрсетеді. Егер бұрын заң шығару көбіне саяси пікірталас алаңы ретінде қабылданса, енді сараптамалық, цифрлық және деректерге негізделген шешім қабылдау мәдениеті қалыптасуы қажет.

Мемлекет басшысының әлеуметтік, технологиялық саясатқа қатысты тапсырмалары да маңызды. Жасанды интеллектті білім беру жүйесіне енгізу, цифрлық активтер туралы заңдар, көші-қон саясаты, кітапхана және баспа ісі туралы заң, ерекше қажеттілігі бар балаларды қолдау, балалардың әлеуметтік желідегі қауіпсіздігі сияқты бастамалар Құрылтайдың алғашқы сессиясында көтерілді. Бұл заң жобаларын Құрылтай депутаттары алдағы уақытта талқылап, дайындауы тиіс.

Осылайша алғашқы шақырылымының жұмысы жаңа саяси жүйенің қаншалықты тиімді екенін көрсететін негізгі индикаторлардың біріне айналмақ. Сондықтан қоғам Құрылтайдан нақты жұмыспен нәтижені күтеді.

Пердехан ШӘМШИЕВ, сарапшы.
(Дереккөз: [Akorda.kz](https://www.akorda.kz/)).

ҚЫСҚА ДАЙЫНДЫҚ

Жылыту маусымына әзірлік пысықталды

Қала шаруашылығын 2026-2027 жылдардағы жылыту маусымына дайындау жұмыстары жалғасып келеді. Алматы қаласының әкімі Дархан Сатыбалдының төрағалығымен өткен кеңесте жұмыс барысы талқыланды. Коммуналдық және энергетикалық кәсіпорындар бекітілген кестеге сәйкес тиісті іс-шараларды орындауда.

Әсіресе, тұрғын үй қоры мен әлеуметтік нысандарға ерекше назар аударылып отыр. Бүгінде көппәтерлі тұрғын үйлердің басым бөлігі қысқа дайын. Білім беру мен денсаулық сақтау нысандарындағы дайындық жұмыстары да толық аяқталған. Жылу көздері мен инженерлік желілерде гидравликалық сынақтар жүргізіліп, ағымдағы жөндеу және жаңғырту жұмыстары жалғасуда. Биыл 20 шақырымнан астам жылу желісін жаңарту жоспарланған. Сонымен қатар, жылу оқшаулағыштары ауыстырылып, негізгі жабдықтар қысқы жүктемеге дайындау көзделген.

Қалалық жылу көздерінде негізгі жабдықтар жөнделіп, қажетті отын қоры жасақталып жатыр. Жоспарланған іс-шаралардың басым бөлігі орындалды. Қазандықтар дайындықтың соңғы кезеңінен өтіп, іске қосу-баптау жұмыстары қолға алынған. Сондай-ақ, электр инфрақұрылымын жаңғырту жұмыстары да

жалғасып жатыр. Электр беру желілері, қосалқы станциялар мен трансформаторлық жабдықтар жаңартылуда. Газбен, сумен жабдықтау және су бұру жүйелерінде де жоспарлы жұмыстар жүргізілуде.

Қаланың тіршілігін қамтамасыз ететін өзге де жүйелерді дайындау жалғасуда. Газ құбырларының жоспарланған учаскелерін қайта жаңғырту жұмыстары аяқталуға жақын, жабдықтарға техникалық қызмет көрсетілуде. Сумен жабдықтау және су бұру жүйелерінде де инженерлік желілерді қайта жаңғырту жұмыстары жүргізіліп жатыр.

Коммуналдық және энергетикалық кәсіпорындар суық түскенге дейін қыс мезгілінде қала инфрақұрылымының тұрақты жұмысын қамтамасыз ету үшін қалған жөндеу және іске қосу-баптау жұмыстарын аяқтауға тиіс.

Дана БОЛАТҚЫЗЫ.

ҚЫРКҮЙЕК ҚАРБАЛАСЫ

Қауіпсіз қозғалысқа атсалысыңыз



Жаңа техникалық талап

1 қыркүйектен бастап Алматыда автокөліктердің экологиялық нормативтерге сәйкестігін анықтайтын техникалық тексеру енгізіледі.

Бұл туралы Өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте LEZ жобасының үйлестірушісі Дулат Маратов айтты. Жаңа талап бензинмен, газбен және дизель отынымен жүретін барлық автокөліктерге қойылып отыр. Техникалық тексеру енді автокөлікті кезекті жоспарлы техникалық байқаудан өткізудің міндетті шарты болады. Дулат Маратовтың айтуынша техникалық байқау мен техникалық тексеру екеуі екі бөлек рәсімделеді.

– Міндетті техникалық байқау автокөліктің жалпы жағдайын тексеруге бағытталған. Ал техникалық тексеру тек ҚР СТ 1433-2023 стандартына сәйкес шығарындылар деңгейін өлшеуге арналған. Бензинмен және газбен жүретін автокөліктерден пайдаланылған газдың уыттылығы, ал дизельді көліктерден түтін шығару деңгейі тексеріледі, – деп түсіндірді ол.

Автокөлік иелеріне техникалық тексеруден мерзімінен бұрын өтудің қажеті жоқ. Жаңа тәртіп кезекті техникалық байқау мерзімі 2026 жылы 1 қыркүйектен кейін келетін автокөліктерге ғана қолданылады. Егер көлік 1 қыркүйекке дейін техникалық байқаудан өткен болса, берілген құжат белгіленген мерзімі аяқталғанға дейін жарамды.

Жоспарлы техникалық байқауды бұрынғыдай кез келген қолданыстағы техникалық байқау орталығында өтуге болады. Ал шығарындылар деңгейін анықтайтын техникалық тексеру сертификатталған жабдығы бар және бірыңғай жүйеге қосылған аккредиттелген станцияларда ғана жүргізіледі. Қалаған жағдайда көлік иесі екі рәсімді де бір станцияда қатар өте алады.

Техникалық тексеру жүргізуге рұқсат берілген станциялардың тізімі almaty-parking.kz сайтында жарияланады.

Дулат Маратовтың айтуынша, жаңа тетік Алматыдағы автокөліктердің экологиялық жағдайы туралы нақты әрі объективті дерек жинауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, бұл жүйе төмен шығарындылар аймағы – LEZ жұмысының негізгі тетіктерінің біріне айналмақ.

Дана САДЫРҚАН.
Сурет: Самат ҚҰСАЙЫНОВ.

Аяжан СЕРІКҚЫЗЫ.
(Дерккөз: kolesa.kz)



Жаңа оқу жылының басталуына байланысты жолда жеке автокөліктер мен жүргіншілер саны бір мезгілде көбейеді. Балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, көлік жүктемесін азайту және қала тұрғындарының жайлы жүріп-тұруына жағдай жасау мақсатында әкімдік бірқатар ұйымдастырушылық шара қабылдады.

Оқушыларды тасымалдау үшін 60 мектепке 300 мектеп автобусы жұмылдырылады. Олар 13 мыңнан астам баланы қамтиды. Білім беру ұйымдарының маңында жол қозғалысын реттеу күшейтіледі. 1 қыркүйек күні таңертең мектептердің маңында, жүргіншілер өткелдерінде және көлік қозғалысы ең көп учаскелерде 470 полиция қызметкері кезекшілік атқарады. Тұрғындардан жеке автокөлікпен мектептің кіреберісіне дейін бармау және мүмкіндігінше балама қозғалыс тәсілдерін алдын ала қарастыру сұралады.

Жаңа оқу жылының алғашқы екі аптасында жолаушылар тасымалына деген қосымша сұранысты қамтамасыз ету үшін қоғамдық көліктің жұмысы күшейтіледі. Қолданыстағы 3200 автобусқа қосымша резервтен 500-ге жуық автобус шығарылады. Бұл жолаушылар саны жоғары бағыттардағы жылжымалы құрам санын арттырып, қарбалас уақытта қозғалыс аралығын қысқартуға мүмкіндік береді.

Метро жұмысы да күшейтіледі. Пойыздар саны 11-ден 13 құрамға дейін көбейтіліп, таңғы уақытта қозғалыс аралығы 3 минутқа дейін қысқарады.

Жаңа оқу жылы қарсаңында әкімшілік полициямен

бірлесіп, білім беру ұйымдарының маңындағы жол инфрақұрылымының жағдайы тексерілді.

Тексеру барысында бағдаршамдарға, жол белгілері мен жол таңбаларына ерекше назар аударылды. Соның нәтижесінде 140-тан астам ескерту бойынша кемшіліктер жойылды. Барлық білім беру ұйымының маңында қажетті жұмыстар жүргізілді. Сондай-ақ, мектеп аумақтары тәулік бойы бейнебақылауда болады.

Қыркүйектің алғашқы аптасында жүк көліктерінің қозғалысына бақылау күшейтіледі. Қолданыстағы шектеуге сәйкес, салмағы 8 тоннадан асатын жүк көліктерінің белгіленген учаскелерде сағат 07.00-ден 22.00-ге дейін жүруіне тыйым салынады. Бұл шектеудің қаланың тыныс-тіршілігін қамтамасыз етуге қажетті тасымалдарға қатысы жоқ.

Қала орталығында орналасқан ірі компанияларға, банктерге және басқа да ұйымдарға қыркүйектің алғашқы күндері қызметкерлердің бір бөлігін уақытша қашықтан жұмыс істеу форматына ауыстыру мүмкіндігін қарастыру немесе жұмыс күнінің басталу уақытын икемді ету ұсынылды.

Өз кезегінде әкімдіктің құрылымдық бөлімшелері мен оларға қарасты ұйымдар 2026 жылы 1–5 қыркүйек аралығында қызметкерлердің бір бөлігін қашықтан жұмыс істеу форматына ауыстыру шараларын қабылдап, сондай-ақ қоғамдық көлікті пайдалануды ұсынады.

Қала тұрғындарынан бағытын алдын ала жоспарлау, мүмкіндігінше таңғы уақытта жеке автокөлікпен жолға шықпау, сондай-ақ қоғамдық көлік пен метроны пайдалану сұралады.

ЖЫЛУ ЖҮЙЕСІ

цифрландыруға көшіп жатыр

Алып шаһар үшін жылу жүйесінің тұрақты жұмысы – қысқы маусым қарсаңында ғана көтерілетін мәселе емес. Миллионнан астам тұрғыны бар мегаполистің жылумен қамту инфрақұрылымы жыл сайын жаңғыртуды қажет етеді. Қазір қалада жылу желілерін кезең-кезеңімен жаңарту, апаттардың алдын алу және жүйені цифрландыру жұмыстары қатар жүргізіліп жатыр.

«Алматы жылу жүйесі» ЖШС-нің дерегінше, кәсіпорынның теңгерімінде 1 409,8 шақырым жылу желісі, 69 сорғы станциясы және 358 орталық жылу пункті бар. Оның ішінде 315,8 шақырымы – магистральдық, 1094 шақырымы – тарату желілері. Ең өзекті мәселенің бірі – инфрақұрылымның «жасы». 2025 жылдың соңындағы мәлімет бойынша, пайдалану мерзімі 25 жылдан асқан желілердің ұзындығы 760,4 шақырымға жеткен. Бұл – жалпы желінің 53,9%-ы. Аталған көрсеткіштің азаюы байқалғанымен, мәселе әлі де өзекті. Мәселен, 2024 жылдың соңында 25 жылдан астам пайдаланылған желілердің үлесі 56,1% болса, бір жыл ішінде көрсеткіш шамамен, 2,2% төмендеген. Бұған жүргізілген жаңғырту жұмыстары әсер еткен.

2026 жылы жалпы көлемі шамамен, 20 шақырым желіні реконструкциялау жоспарланған. Оның ішінде «Алматы жылу жүйесі» 20 нысанда 7,4 шақырым желіні жаңартып, тағы 10,5 шақырым учаскеде ағымдағы жөндеу жүргізеді.

«Ақылды» басқару

Инфрақұрылымды жаңартумен қатар Алматы жылумен жабдықтау жүйесін цифрландыруға да көшіп жатыр. Қалада SCADA және ЛЭРС жүйелері енгізілуде. SCADA арқылы жылу энергетикасы нысандары мен сорғы станцияларының жұмысын қашықтан бақылауға, ақауды жедел анықтауға мүмкіндік бар. Ал ЛЭРС жүйесі есептеу құралдарынан ақпаратты автоматты түрде жинайды.

2026 жылдың соңына дейін жасанды интеллект элементтері бар «ақылды жылумен жабдық-

тау жүйесін» толық енгізілмек. Жүйе онлайн деректерді талдау арқылы желідегі шығынды анықтап, зақымдалған учаскелерді қашықтан ажыратуға және апатқа әрекет ету уақытын қысқартады. Қалалық Энергетика және сумен жабдықтау басқармасының басшысы Нұрбақыт Серікбайдың айтуынша, мұндай цифрландыру коммуналдық инфрақұрылымды басқарудың жаңа деңгейіне өтуге мүмкіндік береді.

Жылумен жабдықтау мәселесінде құбырды ауыстырумен қатар, ғимарат ішіндегі жылу жүйелерінің тиімділігі де маңызды. Satbayev University-дің Инженерлік жүйелер мен желілер кафедрасында еңбек ететін техника ғылымының докторы, профессор Берікбай Унаспеков жылу және газбен жабдықтау саласында ұзақ жылдар бойы зерттеу жүргізіп келеді. Оның ғылыми жұмыстарының бір бағыты – энергия үнемдейтін жылу қорғайтын құрылымдар мен автоматтандырылған жылу пункттерін қолдану. Сарапшының ғылыми бағытына сүйенсек, жылу тиімділігін тек қалалық магистральдарды жаңартумен шектеу жеткіліксіз. Үй ішіндегі жылу пункттері, ғимараттың жылу оқшаулауы, автоматты реттеу және тұтынуды есепке алу құралдары да жүйенің тиімділігіне тікелей әсер етеді. Яғни жылу жүйесінің сенімділігі – құбырдан бастап көпқабатты үйдегі жылу пунктіне дейінгі тұтас тізбектің сапасына байланысты.

Қазір қаладағы жылу жүйесіндегі басты міндет – тек кезекті жылыту маусымын апатсыз өткізу емес, инфрақұрылымның тозуын тұрақты түрде төмендету. Бұл бағытта көрсеткіштер біртіндеп жақсарып келеді. Қалалық әкімдік биылғы жылу желілерінің тозу деңгейін 52,1% төмендетуді жоспарлаған. Дегенмен, 1400 шақырымнан асатын желінің жартысынан көбі 25 жылдан астам уақыт пайдаланылғанын ескерсек, мәселені толық шешу үшін бірнеше жылдық жүйелі инвестиция қажет.

Бұл ретте желілерді жаңғырту, заманауи диагностиканы енгізу, автоматтандыру және жылу тұтынуды есепке алу жүйесін жетілдіру бір-бірімен қатар жүруі тиіс. Сонда ғана қала тұрғындары үшін қысқы маусымдағы жылу тұрақты қызметке, ал коммуналдық жүйе апаттың алдын алатын инфрақұрылымға айналады.



Тарихи нысан

коммуналдық меншікке қайтарылды

Президент тапсырмасы бойынша қалалық ипподром бұдан былай тарихи және спорттық мақсаттағы біртұтас нысан ретінде сақталады. Бұл туралы Алматы қаласы Спорт басқармасының өкілдері мәлімдеді.

Алматының 2040 жылға дейінгі Бас жоспарында ипподром аумағы тиісті функционалдық аймаққа бекітілген. Оны өзгерту жоспарда жоқ. Жер телімінің де ипподромды пайдалану және оған қызмет көрсетуге арналған нысаналы мақсаты сақталады.

Алдағы уақытта ипподромды кешенді дамыту тұжырымдамасы әзірленеді. Оның спорттық қызметін қалпына келтіру, инфрақұрылымын жаңғырту, трибуналарын, ат қораларын, спорт жолдарын және инженерлік желілерін жаңарту жоспарланып отыр. Тұжырымдаманы әзірлеу кезінде заманауи спорт инфрақұрылымына қойылатын талаптар ескеріледі.

Нысан өзінің негізгі мақсатын және қалалық әрі республикалық жарыстар өткізу мүмкіндігін сақтауға тиіс. Қазіргі уақытта кешен қатты тозып кеткен, сондықтан оны қалпына келтіру жұмыстары кезең-кезеңімен жүргізіледі.

Алматы ипподромы 1930 жылы құрылған және Қазақстан мен Орталық Азиядағы жылқы шаруашылығы мен ат спортына арналған байырғы

нысандардың бірі саналады. Оның аумағы 39,1 гектар. Тарихи тұрғыдан ипподром шамамен 3 мың көрерменге және 300-ге жуық жылқы ұстауға есептелген.

Күрделі жөндеу жұмыстары 1965 және 1985 жылдары жүргізілген. 1990 жылдардағы жекешелендіру нәтижесінде ипподром мемлекеттік меншіктен шығарылды. 2001 жылы «Ипподром» АҚ банкрот болғаннан кейін мүліктік кешен жеке құрылымдарға сатылып кеткен еді. Бұл қоғам белсенділері, атбегілер мен ат спорты жанкүйерлерінің наразылығын тудырды. Ипподромды қалалық коммуналдық меншікке қайтару туралы мәселе қоғам тарапынан әлсін-әлсін қозғалып жүрді.

Ипподромның коммуналдық меншікке қайтуы оны кезең-кезеңімен қалпына келтіруге және Алматыда ат спортын одан әрі дамыту үшін нысанды сақтап қалуға мүмкіндік береді.

Айта кетейік, ипподромды қалалық коммуналдық қызметке қайтару процесі біршама ұзақ уақытқа созылып, биыл ғана жүзеге асты.

ТҮТІНГЕ ТОСҚАУЫЛ

Алатау ауданында қоршаған ортаны қорғауға және атмосфералық ауаның сапасын жақсартуға бағытталған «Алматы – таза ауа» акциясы жалғасып жатыр.

Акция аясында «Еco Almaty» ЖШС мамандары Алматы қаласы Экология және қоршаған орта басқармасымен бірлесіп, аудан аумағындағы нысандарда атмосфералық ауаны қорғау саласындағы талаптардың сақталуына мониторинг жүргізуде. Сонымен қатар, тұрғындар мен кәсіпкерлер арасында экологиялық талаптарды сақтау және қоршаған ортаға зиянды шығарындыларды азайту жөнінде түсіндіру жұмыстары ұйымдастырылуда.

Мамандар жүргізген мониторинг барысында Алатау ауданында қатты отынды пайдаланатын 55 нысан анықталды. Оның ішінде 8 жеке тұрғын үй, 35 қоғамдық тамақтану нысаны және 12 отбасылық монша бар. Әрбір нысан иесіне қолданыстағы экологиялық заңнама талаптары түсіндіріліп, атмосфераға тарайтын зиянды заттардың көлемін азайту мақсатында экологиялық таза отын түрлеріне көшу қажеттігі айтылды.

Қазіргі уақытта қаланың газдандырылған аудандарында орналасқан нысандарға ерекше назар аударылып отыр. Себебі, мұндай аумақтарда табиғи газға қосылу мүмкіндігі болғанымен, кейбір тұрғын үйлер мен кәсіпкерлік нысандар жылыту немесе өндірістік қажеттіліктер үшін әлі де қатты отынды пайдаланады. Бұл, әсіресе, жылыту маусымы кезінде, атмосфералық ауаға түсетін жүктеменің артуына әсер етеді.

Қала мәслихатының 2025 жылғы 30 желтоқсандағы №272 шешімімен бекітілген Алматы қаласының атмосфералық ауасын қорғау қағидаларына сәйкес, 2027 жылдың басынан бастап қаланың газдандырылған аудандарында заңнамада көзделген жекелеген жағдайларды қоспағанда, жылыту және өндірістік қажеттіліктер үшін қатты және сұйық отынды пайдалануға тыйым салынады. Осыған байланысты қазіргі таңда нысан иелеріне алдағы талаптарға алдын ала дайындалу қажеттігі түсіндірілуде.

Мамандардың айтуынша, қатты отынды пайдаланудан кезең-кезеңімен бас тартып, газға немесе рұқсат етілген басқа да энергия көздеріне көшу – қаладағы экологиялық жағдайды жақсартудың маңызды бағыттарының бірі. Әсіресе, көмір мен басқа да қатты отын түрлерін жағу кезінде атмосфераға тарайтын зиянды заттар ауа сапасына кері әсерін тигізуі мүмкін.

Осыған байланысты мониторинг барысында нысан иелеріне қажетті шараларды алдын ала қолға алу ұсынылуда. Атап айтқанда, газ желісіне қосылу мүмкіндігін қарастыру, қолданыстағы жылыту жабдықтарын экологиялық талаптарға сай жаңарту және рұқсат етілген баламалы энергия көздеріне көшу мәселесіне назар аудару қажет.

«Алматы – таза ауа» акциясы аясындағы мониторинг пен түсіндіру жұмыстары алдағы уақытта да жалғасады. Заңбұзушылықтар анықталған жағдайда тиісті шаралар қабылдау үшін ақпарат уәкілетті мемлекеттік органдарға жолданатын болады.

Бетті әзірлеген Дана САДЫРҚАН.





«КЕЛЕШЕК МЕКТЕПТЕРІ»


(Басы 1-бетте)

Мектепке дайындықтың тағы бір маңызды бағыты – қолдауға мұқтаж отбасыларға көмек көрсету. Биыл «Жалпыға бірдей білім беру» қоры арқылы осындай қолдауға 460 миллион теңге бөлінсе, бұл көмекті 7669 жетім балалар, аз қамтылған отбасылардың балалары мен атаулы әлеуметтік көмек алатын отбасылардың балалары алады. Мәселен, Алматы қаласы бойынша бір балаға 60 мың теңге төленеді. Қаражат ата-аналардың шотына тікелей аударылып, қажетті мектеп формасын, аяқкиім мен кеңсе тауарларын өздері сатып ала алады.

Шешімін тапқан мәселелер

Мегаполис мектептерінде мұғалім тапшылығы әлі де бар. 17 тамыздағы жағдай бойынша 654 бос жұмыс орны ашық тұрған болатын. Жалпы, қосымша қажеттілік жаңа мектептердің ашылуына байланысты туындап отыр. Қала әкімдігі бұл мәселені педагогикалық жоғары оқу орындарымен бірлесіп шешуді қолға алған.

Сонымен қатар, 2027–2030 жылдарға арналған әкімдік гранттары бағдарламасы әзірленіп жатыр. Оқу маусымы басталғанға дейін бұл мамандар тарту жұмысы қарқынды жүргізілді. Әсіресе, математика, бастауыш сынып пен орыс тілі пәнінің мұғалімдеріне сұраныс жоғары. Мектептің бір форманы міндеттеп, үйірме үшін ақша алуға қақысы жоқ екені де баса айтылды. Алматыдағы мемлекеттік мектептер ата-ананы мектеп формасын нақты бір дүкеннен сатып алуға міндеттей алмайды, мектептегі спорт секциясы мен үйірме де тегін болуы тиіс. Сонымен қатар, қала мектептері бес күндік оқу аптасы бойынша жұмысын жалғастырады, алты күндік оқу аптасына көшу туралы бекітілген жоспар жоқ.



«Мектеп әкімшілігінің ата-аналарды нақты бір дүкенге барып, белгілі бір форманы сатып алуға мәжбүрлеуге қақысы жоқ. Мұндай жағдай болып жатса, бірден бізге хабарлап айтыңыз», – дейді Сәкен Аралбаев.

Алматыда мектеп формасы қою көк түс болуды ұсынған. Алайда, білім басқармасы бұл әзірге ұсыныс қана екенін айтты. Дегенмен, мектеп нақты бір үлгіні, өндірушіні немесе сауда орнын таңуды талап ете алмайды. Қалалық Білім басқармасының басшысы қазіргі таңда Алматыда үш ауысымды мектептер жоқ екенін айтып, алдағы уақытта қала бір ауысымда жұмыс істейтін мектептердің санын біртіндеп арттыруды көздейтінін жеткізді. Тағы бір сұрақ электронды күнделіктерге қатысты болды. Алматыдағы мемлекеттік

мектептер BilimClass платформасына көшті. Электронды білім беру жүйесінен ақпараттың ықтимал таралуы туралы хабарламадан кейін журналистер оқушылардың дербес дерегін қорғауды қалай қамтамасыз етіп жатқанын сұрап білді.

Жатақхана тапшылығы 4 есеге азайды

Жаңа оқу жылы қарсаңында Алматыда студенттерге арналған 61,2 мың орын дайындалды. Оның құрамына жатақхана, хостел, қонақүй және жоғары оқу орындарының қайта жабдықталған ғимараттарындағы орындар кіреді. Қаладағы 35 жоғары оқу орнында 221 мың студент білім алады.

Оның 149 мыңы – басқа өңірлерден келгендер. Биыл 30 094 мемлекеттік грант бөлініп, студенттік тұрғын үйге деген сұраныс артқан. Соған қарамастан, соңғы бір жылда жатақхана тапшылығы 23,7 мыңнан 5,7 мың орынға дейін, яғни төрт еседей қысқарды. Қазір Алматыда 136 студенттік жатақхана бар. Оның 43-і 2023 жылдан бері пайдалануға берілген.

Жыл соңына дейін тағы 4658 орынға арналған 13 нысан іске қосылады. Сонымен қатар, хостелдер мен қонақүйлерде

11 мың орын, қайта бейімделетін әкімшілік және басқа ғимараттарда тағы 4 мың орын қарастырылған. Студенттерді орналастыру мәселесі бойынша 10 тамыздан бастап Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің базасында ситуациялық орталық жұмыс істейді. Тәулік бойы жұмыс істейтін колл-орталыққа тәулігіне 1,5 мыңнан астам қоңырау түседі.

Қоныстану кезінде баспанасыз қалған студенттер үшін 22 ALT University-дің №1 Студенттер үйінде 50 орынды Дағдарыс орталығы ашылады. Мұнда студенттер уақытша орналастырылып, тұрақты тұрғын үй табуға көмектеспек. Студенттерді жатақханаға орналастыру 25 тамызда, ал оқу процесі 1 қыркүйекте басталады. Қалада орын саны ғана емес, жатақхана-лардың жағдайы да бақылауда. Биылғы алғашқы тексеру барысында ылғалдылық, жиһаздың тозуы, санитарлық жағдай, су және сантехника, терезе-есіктердің жай-күйі мен абаттандыруға қатысты мәселелер анықталған. Екінші тексеру 18–25 тамыз аралығында өтеді.

Сонымен, қазіргі таңда Алматыдағы студенттерді орналастыру жағын аталмыш басқарма жіті бақылауда ұстап отыр. Қала билігі де биылғы оқу жылындағы қажеттілікті толық қамтамасыз етіп қана қоймай, алдағы жылдары студенттер саны мен тұрғын үйге деген сұраныстың өсуін алдын ала ескеруге мүмкіндік беретін жүйе қалыптастыруды жоспарлап отыр.

Рая ЕСКЕНДІР.

Сурет: Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

Жарқын болашақтың жобасы

Алматыда қыркүйек айынан бастап жаңа білім нысандары қолданысқа берілді. Олардың қатарында Түркісіб ауданында орналасқан №228 және №229 мектептері де бар. Алматы қаласы Білім басқармасы БАҚ өкілдеріне арнап, пресс-тур ұйымдастырып, оқу ордаларымен таныстырды.

Іс-шара барысында Алматы қаласы Білім басқарма басшысының орынбасары Гүлнұр Кәрімғажы жаңа оқу жылында мегаполис бойынша 7 «Келешек мектебі» және «Зерделі» шағынауданында 550 орынға арналған мектеп ашылғанын атап өтті. Жалпы, қамтылатын оқушы орындарының саны 11 мыңнан асады.

– Қалада оқушы орындарының тапшылығы мәселесі бар. Бірақ жыл сайын жаңа білім нысандарының ашылуымен оның саны қысқарып келеді. Бүгінде Алматыда үш ауысымды мектептер жоқ. Сондай-ақ, Президент тапсырмасына сәйкес, 2030 жылға дейін барлық мектептерді 1 ауысымды оқуға көшіру жоспарланып отыр, – деді ол.

Басқарма өкілінің айтуынша, «Келешек мектептерінің» өзге білім мекемелерінен басты ерекшелігі – аумағы мен ішкі жабдықталу деңгейі. Мәселен, ұлттық жоба аясында салынып жатқан мектептердің аумағы типтік мектептерге қарағанда 15–20%-ға ұлғайған. Сонымен қатар, ондағы кабинеттердің 40%-ы техникалық жағынан жабдықтал-

ған. Бұл – робототехника, физика, химия, биология сынды жаратылыстану бағытындағы кабинеттер. Ал №229 мектептің директоры Алма Батырханова жаңадан ашылған нысанның жобалық қуаттылығы 2000 балаға арналғанын атап өтті.

– Біздің мектептегі оқушылар 1 ауысымда білім алатын болады. Жалпы жобалық қуаттылығы – 2 мың оқушы орны. Қазіргі таңда 1 мыңға жуық бала мектебімізде жинақталды. Сонымен қатар, бізге балаларды тасымалдайтын 14 автобус қалалық білім бөлімі тарапынан бөлініп отыр. Осында шалғай аудандардан оқушыларды әкелетін болады. Мектебіміз 2026-2027 оқу жылына толықтай дайынбыз, – деді ол.

Баспасөз туры барысында таныстырылған №228 мектеп те бір ауысымды әрі 2 мыңға баланы қабылдай алады. Екі нысанда да оқу пәндеріне арналған кабинеттерден бөлек тігін машиналары, робототехника, арнайы құрал-жабдықтар қойылған ерекше сыныптар бар. Ал үзілісте тәлімгерлер уақыт тиімді өткізу үшін шахмат және тоғызқұмалақ тақталары орнатылған коворкинг аймақтары жасалған.

Одан бөлек, «Келешек мектептерінің» әрқайсысында мәжіліс залы, 450 орынға асхана және 4 спорт зал қарастырылған. Екі спорт кеңістігі бастауыш сыныптарға, қалған екеуі 5–11-сынып оқушыларына арналған. Әр спорт залда баскетбол, волейбол, ұлттық спорт, үстел теннисі, спорттық гимнастика, футболға арналған жабдықтар



алынған. Ал асхана кіреберсінде баланың тамақ ішкен не ішпегені тіркелетін электрондық табелдер орнатылған. Жалпы, биыл Алматыдағы мемлекеттік мектептерде 1–4-сынып оқушылары және әлеуметтік осал топтағы балалар тегін тамақпен қамтамасыз етіледі. Сонымен қатар, іс-шара барысында «Мектеп автобусы» жобасының жұмысы жеке таныстырылды. Ата-аналардың өтініші бойынша мектепке алыстан келетін оқушыларды арнайы автобустар тегін тасымалдайтын болады. Бұл жоба 2023 жылдан бері жүзеге асырылып келеді.

Досбол АТАЖАН.

Сурет: Самат ҚҰСАЙЫНОВ.

Ө.ЖӘНІБЕКОВ – 95

ӨЗ-АҒАҢНЫҢ ӨЗІ ҚҰРҒАН МҰРАЖАЙ

Ықылас атындағы халық музыкалық аспаптар музейінде қос мерейтой. Музейдің құрылғанына – 45 жыл, сол мұражайдың негізін қалаған көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, тарихшы-этнограф Өзбекәлі Жәнібековтің туғанына – 95 жыл.

Өзбекәлі Жәнібеков – қазақтың ұлттық мәдениетін жаңғыртуға, музыкалық мұраны зерттеу, сақтау және насихаттауға зор үлес қосқан бірегей тұлға.

«Біз Өзбекәлі ағамызбен осы музей ашылғаннан жұмыс істедік. Бастапқыда көптеген қиындық болды. Бірге еңсердік. Өзбекәлі секілді үлкен ұстаздан көп тәлім алдық. 30 жылғы тәжірибемде музеймен бірге өстім. Бұл музей ғана емес, тарихи-танымдық, ғылыми мекеме, өнертану үйі. Әлемдік дәрежедегі музейге қарай бет алып бара жатқан үлкен орда. Ендігі жерде осы жәдігердің бәрі жастарға аманат», – деді музей ардагері, тұңғыш аспаптанушы, этнограф Забира Сыпатаева.

«Тұлға. Тағылым. Мұра» атты салтанатты іс-шарада «Уақыт айнасы: музейдің 45 жылы» көрмесі ашылды. Көрме экспозициясында музейдің қалыптасу және даму жолынан сыр шертетін архивтік құжаттар, фотосуреттер мен тарихи материалдар, сондай-ақ Өзбекәлі Жәнібе-



ковтің тақиясы мен шапаны, қолсағаты мен көзілдірігі, сүйенген таяғы секілді жеке заттары ұсынылды.

«Бұл музей құрылған жылдары көне, ұмыт болған халық аспаптарын жандандырды, соларды қалпына келтірді. Аспаптану ғылымына жаңа терминдер енгізді. Екіншісі – шеберлер қауымын қалыптастырды. Былтыр Алматыға әлемдік деңгейдегі қолөнершілер жиналды. Бір топ делегация осы Ықылас атындағы халық музыкалық аспаптар музейіне ат басын бұрғанда, бір-біріне ұқсамайтын осыншама аспаптың жасалу шеберлегіне таңдай

қақты, біздің шеберлерге қол соқты. 2025 жылы Алматыға «Алматы қаласы – қолөнер шеберлер қаласы» деген статус берілді. Мұның өзі осы музейден, ұстазымыз Өзбекәлі Жәнібековтен бастау алған. Біз осындай ұлы тұлғамен қызметтес болғанымызды әркез мақтан етеміз», – деді музейтанушы, этнограф Сәуле Кәрібаева.

Ол рас, Қазақстандағы музей ісінің дамуына өлшеусіз үлес қосқан қайраткер музейді тек жәдігерлер сақталатын орын емес, ұлттың тарихи жадын қалыптастыратын, мәдени мұраны дәріптейтін маңызды рухани орталық ретінде қарастыр-

ды. Өзбекәлі Жәнібековтың бастамасымен ұлттық мәдениетке тиесілі көптеген құнды жәдігер жинақталып, зерттеліп, музей қорларына енгізілді. Әсіресе, қазақтың дәстүрлі өнері, қолөнері, ұлттық киімдері, музыкалық аспаптары мен этнографиялық мұрасын сақтау және насихаттауға айрықша мән берілді.

Іс-шара соңында Өзбекәлі Жәнібековтің өмірі мен еңбегіне арналған «Дара» деректі фильмі көрсетілді. Музей жанынан құрылған «Сазген сазы» фольклорлық-этнографиялық ансамблі, «Алтынай» мемлекеттік халық би ансамблі өнер көрсетті.

ҚАЛА ИМИДЖІ



ALMATY SUMMER FEST

Мерекелі жаздың мерейлі сәттері

Алматының жазғы мәдени өмірі – Ане өң, реңк берген Almaty Summer Fest бірегей жобасы өз мәресіне жетті. Кешегі сенбіде соңғы 13-ші қорытынды концертін өткізді.

Almaty Summer Fest осы жаздың алғашқы сенбісінде, яғни 6 маусымда басталып, «Алатау» дәстүрлі өнер театрының алдындағы алаңда, ашық аспан астында Алматы кешін әр сенбіде үздіксіз ән-жырға бөлеп келді.

Жаз бойы, яғни бүкіл маусым ішінде Роза Рымбаева, Мақпал Жүнісова, Бүркіт пен Айша, Жанболат пен Жазира, Қайрат Нұртас, Бейбіт Қорған, Әділет Жауғашар, ZIRUZA, Луина, Айдана Меденова, Kalifarniya, ALEM, Ақбота Керімбекова, Балжан Бидаш, Sadraddin, Саят Медеуов, Ғаділбек Жанай, Зарина Омарова, «Алашұлы», Жанар Дұғалова, KeshYou сынды жұлдыздар сахна төрінде жарқырады. 12-ші концертте көрермендерден жиналған әр буын өкілдері бірігіп «Атамекен» әнін орындағанда, үлкен-кішінің елге, жерге деген құрметі, сүйіспеншілігі әуеннің әр жолынан сезіліп, сан жүректі толқытты. Иә, мәдениет – адамдарды біріктіретін күш. Ал музыка сол байланысты сезінуге жетелейтін көзге көрінбес нәзік перне десек, қателеспеспіз.

Фестивальдің тағы бір ерекшелігі – әр концертте жеке бағдарлама болды. Атап айтсақ, бір сенбі Ұлттық домбыра күніне,



Аружан Жанель Шұғыла

енді бір сенбі «Абай әлеміне», үшінші сенбі Шәмші Қалдаяқовтың мерейтойына арналып, ашық аспан көгінде сазгердің әндері әуеледі.

Кешегі соңғы 13-ші концертте «Дос-Мұқасан», «Меломен», Мөлдір Әуелбекова, Мархаба Сәби, Әли Оқапов, Сара Амангелді, ALFA, «404» өнер көрсетті. Адам қарасы әдеттегіден өте көп болды. Себебі түсінікті. Жаздың соңғы күніндегі мәдени іс-шара. Әрі бүгін сабағы басталатын білімге ұмтылған жан-жақтағы студент-жастардың ару Алматыға ертерек келіп алып, шаһарды толтырып әкеткенінде.

Ең бастысы, Almaty Summer Fest тек бір

күндік фестиваль емес, маусым бойы жалғасқан 13 концерттен тұратын қалалық мәдени жоба болды. Сөйтіп, бұл Алматының мәдени имиджін нығайтып, қаланы одан әрі тартымды ете түскендей.

Айтпақшы, Алматы әкімдігінің бастамасымен жаз бойы өткен бұл фестивальдің алғашқы 6 концертіне 60 мыңнан астам көрермен жиналған. Бұл орта есеппен әр концертке 10 мыңнан астам адам келгенін көрсетеді. Ал кешегі соңғы 13-ші концертті қосқанда, барлығы 300-ден астам өнерпаз, 200 мыңнан астам көрермен қатысып, ашық аспан астында 1000-ға жуық ән шырқалған.

Аружан АХМЕТОВА, 25 жаста, №42 ЖББМ тарих пәнінің мұғалімі және әлеуметтік педагог:

– Almaty Summer Fest-ке осымен төртінші рет келдім. Жанға қуат сыйлайтын осындай мәдени іс-шаралардан қалмауға тырысамын. Алматы – сүйікті қалам. Басқа өңірлерге, шетелге шығатын болсам, Алматыны ылғи сағынып тұрамын. Жастар қаласы. Жасыл желекке оранған көшелерімен серуендеудің өзі біз үшін бір ғанибет. Кешкісін де қыдырып жүре береміз. Самаладай жарқырап тұратын әсем шамдары барлық жерде бар, қала қауіпсіз. Алматының әр бұрышынан өзіндік бір әдемілікті байқауға болады. Кейінгі кезде саябақтар көп салынды. Біз баратын, қыдыратын жер өте көп.

Жанель АЙТБАЙ, 18 жаста, Алматы туризм және қонақжайлылық индустриясы колледжінің 3-курс студенті:

– Алматы – тек әсем қала ғана емес, мәдениеті мен руханияты терең қала. Мұнда театрлар, мұражайлар, кітапханалар, өнер орталықтары көп. Қаланың әрбір көшесінен ұлттық мәдениеттің тынысын сезінуге болады. Алматыда түрлі концерттер, көрмелер, шығармашылық кездесулер жиі өтеді. Бұл – өнер мен білімге қызығатын адамдарға жақсы мүмкіндік. Менің ойымша, Алматы – адамның жан-дүниесін байытып, жаңа дүниеге қызығушылығын оятатын рухани қала. Almaty Summer Fest те бізге жақсы сәттер сыйлады.

Шұғыла ИМАНӘЛІ, 16 жаста, №36 ЖББМ 11-сынып оқушысы:

– Алматыны мен ең алдымен, жастардың арманына қанат бітіретін қала деп қабылдаймын. Өзім би үйірмесіне қатысамын. Әнді де сүйемін. Almaty Summer Fest-ке үшінші рет келдім. Сахнаға шыққан барлық әншінің өлеңдерін жатқа біледі екенбіз, қосылып айттық бәріміз. Жалпы, осы жаз ешқандай ішім пыспады, концерт, фестивальдерден бөлек, музейлерде де болдым. Алматы – маған шабыт беретін қала. Биыл көшелерге өте көп гүл егілгенін байқадым. Әдемілікке қызығып жаяу жүре бергің келеді, шаршамайсың. Гүлдене берсін деймін.

Бетті әзірлеген Нұржамал ӘЛІШ. (Сурет: автордікі).

ӨНЕР

Қазақстанның еңбек сіңірген өнер қайраткері, Қазақ КСР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, танымал гобеленші Бәтима Зәуірбекованың есімі елімізге ғана емес, шет мемлекеттерге де кеңінен таныс. Оның 50 жылдан аса шығармашылық жолы қазақ гобелен өнерінің дамуымен тығыз байланысты. Оның есімі осынау бекзат өнердің негізін салушы ретінде тарихта қалды.

Бір ғана мысал айтсақ, өнер иесінің Алматыдағы «Қазақстан» қонақүйінің көкпен тілдескен алтын тәжі мен мәртебелі мейрамхананың дөңгелек залына әр беріп тұрған «Қазақстан кемпірқосағы» туындысы. Осы туынды үшін Бәтима Зәуірбекова 1980 жылы Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты атанған еді.

Күрделі өнердің қилы жолында

Қазақ өнерінде кенжелеу дамыса да гобелен қазақ халқына ыстық, тым жақын өнер бағыты. Өйткені, бұл кәдімгі аналарымыз тоқыған алаша. Былайша айтқанда, арнайы станокта жіптің көмегімен тоқылатын бейнелі кілем, көркем бояулы сурет. Ал Бәтима Есмұратқызының осынау күрделі өнер түрін жанына серік еткелі қашан. Өнер жолындағы жарты ғасырдан аса уақыт ішінде дәстүрлі ою-өрнек, сары дала, қара құмды жіппен «сөйлетіп» келеді. Жанкешті өнер жолында көзінің майы таусылып, тырнағының көбесі сөгілді. Қиындыққа мойымаған қазақ қызы ұлттық мәдениет заманауи сипат алған өнер саласында аянбай еңбек етті. Осылайша қазақ қыздарының ішінен гобелен өнерінің тұңғышы атанды.

Жалпы, Қазақстанда гобелен өнері XX ғасырдың екінші жартысында белсенді түрде дами бастады. Халқымыздың танымал суретшілері де кенжелеу қосылған өнер түрін дамытуға белсене кірісіп, кілем тоқу дәстүрлерін, киіз басу өнері мен халық шығармашылығының өзге де түрлерін заманауи өнер тәсілдерімен ұштастыра отырып, қайта жаңғыртты. Осылайша ұлттық мотивтерді, дәстүрлі ою-өрнекті және жаңа көркемдік тілді біріктірген қазақстандық гобелен өнері мектебі бірте-бірте қалыптасты.

ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ

БІЛІМНІҢ БОЛАШАҒЫ

Алматылық оқушылардың жобасы назар аудармалы

Республикалық тамыз конференциясы аясында өткен «Білім болашағы» көрмесін аралаған Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев жасанды интеллект, цифрлық технология және оқушылардың инженерлік жобаларымен танысты. Көрмеде Президентке жасанды интеллект негізіндегі педагог құралдарынан бастап, оқушылардың нақты инженерлік мәселелерді шешуге бағытталған жобалары таныстырылды.

Қазіргі таңда білім беру жүйесі өзгеріп жатыр. Бұрын мектептегі басты құрал тақта мен оқулық болса, бүгінде оның қатарына жасанды интеллект, цифрлық платформалар, деректерді талдау жүйелері, робот техникасы мен инженерлік жобалар қосылды. Дегенмен, технология көбейген сайын мұғалімнің рөлі азаймайды. Керісінше, одан жаңа дағдылар мен жаңа жауапкершілік талап етіледі. Сондықтан бұл көрмеде мұғалім еңбегін жеңілдету, оқушының білімін дерек арқылы талдау, цифрлық оқулықтар мен платформаларды пайдалану, балалардың ғылыми-зерттеу қабілетін дамыту және жасанды интеллект дәуіріне бейімделу бағыттары кеңірек орын алды.

Көрме барысында Алматыдағы №56 Қ.Сәтбаев атындағы мектеп-гимназиясының 11 «Б» сынып оқушысы Бақытжан Маржан мен №48 лицейдің 11-сынып оқушысы Малика Арынованың жобалары ерекше назар аудармалы. Жас зерт-



да Түркияда үш жылдай еңбек еткен Бәтима Есмұратқызы туған Отанына оралды. Мерейтойының құрметіне Мемлекет басшысының қолынан марапат алды. Өнер шеберінің еңбегі Отанымыздағы ең мәртебелі орден «Отанмен» бағаланды.

Тың тыныс

Қазір суретші жаңа тыныспен жұмысына қызы кірісті. Сәтін салса, енді аз күнде Алматыда өнер иесінің жеке көрмесі ашылады. Әбілхан Қастеев атындағы Қазақстан Республикасының Ұлттық өнер музейінде оның 80-нен аса туындысы музей қоры мен отбасылық архивтен алынған гобелендер, кескіндеме және графикалық жұмыстары жинақталады. Олардың

қатарында Халық Қаһарманы Сәт Тоқпақбаевтың мерейтойына арнайы тоқыған «Түркістан» атты гобелені де бар.

Көрменің бір бағыты Бәтима Зәуірбекова шығармашылығындағы әйел бейнесіне арналады. Кеңістік ортасындағы шаңырақты айнала ұлттық киімдегі қазақ әйелдерінің портреттері орналастырылады.

Осы бейнелер арқылы экспозиция авторлары отбасы, өмірдің жалғастығы және ұрпақтар сабақтастығы тақырыптарын қозғайды. Суретшінің осыдан ондаған жыл бұрын жасалған гобелендері бүгін де өзектілігін жоғалтпаған. Мәселен, шаңырақ, жады, ұлттық мәдениет және ұрпақтар байланысы тақырыптарын арқау етуін жалғастырып жатыр. Аталмыш көрмеде келушілерге тоқу станогында жұмыс істеп көруге және гобеленнің қалай жасалатынын өз көзімен көруге мүмкіндік беріледі. Сонымен қатар, архивтік суреттер мен Зәуірбекова туралы деректі фильмді тамашалауға болады.

Көрме қорытындысында тек Бәтима Зәуірбекова туралы ғана емес, Қазақстанда дәстүрлі қолөнердің бірте-бірте заманауи өнердің дербес бағытына қалай айналғаны туралы сыр шертеді.

Оқирман есіне сала кетейік, «Мұра жіптері» көрмесі 25 қыркүйек пен 8 қараша аралығында өтпек.

Әрине, бұл бағыттағы негізгі тұлғалардың бірі Бәтима Зәуірбекова болды. Дарынды суретші қыздың қолынан «Ана», «Дала мадоннасы», «Сәукелелі қыз», «Ұзату», «Күту» сынды сұлу дүниелер туып, қайталанбас сонылығымен елді елең еткізді. Гобеленші натюрморт, кілем, текемет ою-өрнегіне көкірек көзімен үңілуді үдетті. Жаны да, қолынан шыққан туындысы да сұлу Бәтима талай жүректі қозғады.

Ою-өрнектегі ой

Бәтима Есмұратқызы өнер сапарымен шетелге жиі шығады. Сапарының сыры белгілі. Ұлттық құндылықты шет мемлекеттерге таныстырғысы келеді. Әрі өз шығармаларында ұлттық мәдениетке, дәстүрлі бейнелер мен ою-өрнектерді әлемдік өнер дәстүрлерімен кеңірек үндестікте қарастыруға ұмтылады.



теушілер ғимараттардың қасбетін автономатты түрде бақылап, ақауларды анықтайтын жүйе ұсынды. Идея бойынша дрон ғимаратты алдын ала белгіленген маршрутпен айналып ұшады. Ол оптикалық және жылу камералары арқылы ақпарат жинайды. Кейін осы мәліметтерден ғимараттың үш өлшемді моделі жасалып, жасанды интеллект ықтимал ақауларды анықтайды. Нәтижесінде маманға проблемалық учаскелер көрсетілген карта,

3D-модель және оларды жою бойынша ұсыныстар беріледі.

«Алматы қаласы Оқушылар сарайының тәрбиеленушісімін. Сочидегі «Сириус» университетінің жазғы білім беру бағдарламасына қатыстым. «Үлкен сынқатерлер» байқауының «Көлік-логистикалық жүйелер, теңіз, авиация және ұшқышсыз технологиялар» бағыты бойынша жүлделі орынға ие болдым. Жұмысымның маңызды практикалық нәтижесі ғимарат-

тарды мониторингтеу жүйесі. Болашақта бұл технологияны мектептерде, аурухана-ларда және тұрғын үйлерде енгізу құрылыс тәуекелдерінің алдын ала анықталуына және энергия шығынын айтарлықтай азайтуға мүмкіндік береді», – дейді Бақытжан Маржан.

Президенттің «Білім болашағы» көрмесін аралау барысында дайын технологияны ғана емес, сол технологияны жасап жатқан балалардың әлеуетін көрді. Бүгінгі мектеп оқушысы ертең елдің инженері, ғалымы, дәрігері немесе технология болуы әбден мүмкін. Сондықтан көрменің білімнің болашағы атануы да тегін болмаса керек.

Малика Арынова жобалық жұмыстармен Алматы қаласындағы Оқушылар сарайында айналысатынын айтты. Ол математика, физика, география, орыс және ағылшын тілдері бойынша халықаралық олимпиадалардың жеңімпазы. Сондай-ақ, «Инновацияға қадам» конференциясының финалисті және 2025 жылғы «Spring Games» байқауының жүлдегері болған. Оның жинақтаған білімі мен тәжірибесі «SMART AZS FUTURE» жобасын әзірлеуге мүмкіндік берді. Бұл бастама шалғай аумақтарға автономды мобильді жанармай құю станциясын құруға арналған.

Елордада өткен «Білімнің болашағы» атты көрме қазіргі қазақстандық жас жеткіншектерге жасалған қолдаудың нәтижесін көруге мүмкіндік берді. Заманауи орталықтардың көмегімен оқушыларымыз жаңа технологияларды меңгеріп қана қоймай, жасампаз жаңа буын ретінде жетіліп келеді.

**Бетті әзірлеген
Рая ЕСКЕРМЕҚЫЗЫ**



Алматыда кардиологтар бас қосты

Алматыда өткен Қазақстанның интервенциялық кардиологтары мен эндоваскулярлық хирургтары қоғамының XIV конференциясы тәжірибе алмасудың маңызды алаңына айналды. Конференцияға Қазақстан, Орталық Азия, Еуропа және Азия елдерінің жетекші мамандары қатысты. Іс-шарада операцияларды тікелей эфирде көрсету арқылы дәрігерлер нақты клиникалық жағдайларды талқылап, емдеудің тиімді тактикасын бірге қарастырды.

Қазір медицинаның дамыған кезі. Әсіресе, интервенциялық кардиология медицинаның ең жоғары технологиялық бағыттарының бірі. Заманауи халықаралық стандарттар мен хаттамаларды енгізу Қазақстанда күрделі операцияларды орындауға мүмкіндік беріп, пациенттерге қолжетімді етіп отыр. Конференцияның басты ерекшелігі – қалалық кардиология орталығындағы операциялық бөлмелерінен жасалып жатқан оталардың тікелей көрсетілімі болды. Қатысушылар операция барысын нақты уақыт режимінде бақылап отырды. Сонымен қатар, дәрігерлер өзара пікірталас ұйымдастырып, мамандармен бірге емдеудің оңтайлы тактикасын талқылады.

Бүгінде Алматыда жүрекке жасалатын заманауи эндоваскулярлық араласулар мен ашық жүрекке жасалатын операциялар, соның ішінде жүрек трансплантациясы, LVAD имплантациясы, MitraClip, та-мырішілік литотрипсия және күрделі коронарлық ем-шара қолжетімді.

Мәселен, 2026 жылдың алты айында Алматыда 7454 коронарография және 3698 коронарлық ем-шара жасалды, ал кардиохирургиялық операциялардың көлемі 68%-ға өскені байқалады.

Бүгінде Қазақстан бойынша кардиологиялық қызметтің нәтижелері оң динамиканы көрсетіп отыр. 2025 жылдың қорытындысында елімізде 13 106 ашық жүрек операциясы жасалса, артериялық гипертония мен жүректің ишемиялық ауруын ерте анықтау мақсатында 1,7 миллион адам скринингтен өткен. Соңғы бес жылда қанайналым жүйесі ауруларымен сырқаттанушылық 15%, ал осы аурулардан болатын өлім-жітім 35,1% төмендеген. Кардиологиядағы маңызды бағыттардың бірі ауруды ерте анықтау және оның алдын алу.

Нәтижесінде 114 мыңнан астам адамның қанайналым жүйесі аурулары ерте кезеңде анықталған. Тағы бір ерекшелік – емдеу аяқталғаннан кейінгі кезеңде де пациент назардан тыс қалмайды. Алматы қалалық кардиологиялық орталығында кардиореабилитация бөлімі жұмыс істейді. Мұнда инфаркттен

және жүрекке жасалған операциялардан кейінгі пациенттер қалпына келтіру бағдарламаларынан өтеді. Реабилитацияның басты мақсаты – адамның физикалық және психоэмоциялық жағдайын жақсартып, күнделікті өмірге қайта оралуына жағдай жасау.

«Инфаркт – үкім емес» деген ұстаным қазіргі кардиологияның негізгі қағидаларының біріне айналып келеді. Уақытылы көрсетілген медициналық көмек, заманауи диагностика, жоғары технологиялық емдеу және кейінгі оңалту адамның өмір сапасын сақтауға мүмкіндік береді. Алматының кардиология саласындағы тәжірибесі медицинаның жаңа технологиялармен қатар, адам өміріне деген жауапкершілікті де бірінші орынға қоятынының айқын көрінісі. Заманауи кардиологияны одан әрі дамыту, профилактиканы күшейту және медициналық көмектің қолжетімділігін арттыру жүрек саулығын сақтаудың маңызды кепілі.

Қысқасы, мұндай конференцияның тиімділігі өте зор. Ең алдымен, халықаралық тәжірибе мен заманауи технологияларды біріктіріп, кардиологияның одан әрі дамуына және Қазақстан пациенттері үшін жоғары технологиялық медициналық көмектің қолжетімділігін арттыруға ықпал ететін болады.

Рая ЕСКЕНДІР.
Сурет: Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.



№1 қалалық емхана-ның балалар бөлімі меңгерушісі Мәлдір Ибрагимова вакцинацияның бала өмірінің алғашқы жылдарында неге аса маңызды екенін түсіндірді.

Екпеге мән беріңіз

Сондай-ақ, еліміздің профилактикалық екпелерінің Ұлттық күнтізбесінде қандай екпелер қарастырылғанын айтып берді.

Вакцинация иммунитетті инфекциямен кездескенге дейін қалыптастыруға көмектеседі және аурудың ауыр өтуі мен асқыну қаупін төмендетеді.

Бала өмірінің алғашқы күндерінде туберкулезге (БЦЖ) және В гепатитіне қарсы екпе алады. 2, 3 және 4 айында көкжөтелге, дифтерияға, сіреспеге,

полиомиелитке, Hib және пневмококк инфекцияларына қарсы вакцинация жүргізіледі.

Вакциналау мерзімдерін сақтау және жоспарлы екпелерді өткізіп алмау маңызды.

Егер ата-аналардың сұрақтары немесе күмәні болса, оларды міндетті түрде дәрігермен талқылаған жөн.

Вакцинация – баланың бүгінгі және болашақтағы денсаулығының қорғаны.

БІЛГЕНІҢІЗ ЖӨНІ

Дәрілерді қоқысқа тастамаңыз!

Үйіңізде жарамдылық мерзімі өтіп кеткен дәрі-дәрмектер болса, оларды «керек болып қалар» деп сақтамаңыз және тұрмыстық қоқысқа тастамаңыз.

№16 қалалық емхананың ЖПД бөлімінің аға медициналық мейірбикесі Гүлжамал Абдурахманова мерзімі өткен дәрі-дәрмектерді қайда тапсыру керектігін және оларды дұрыс жоюдың маңыздылығын айтып берді.

Ескірген таблеткаларды, капсулаларды және басқа да дәрілік препараттарды

№16 қалалық емханаға әкеліңіз. Мұнда оларды жинауға арналған арнайы жәшіктер орнатылған.

Неліктен бұл маңызды? Мерзімі өткен дәрілерді байқамай қолданылып қою қаупі азаяды. Үйдегі дәрі қобдишасының қауіпсіздігі қамтамасыз етіледі. Дәрі-дәрмектер арнайы жинау орнына өткізіледі. Ал қалай болса солай қоқысқа тасталса, қоршаған ортаға кері әсер етеді.

Бүгін үйдегі дәрі салатын қобдишаңызды тағы бір тексеріп қойыңыз. Егер қолданылу мерзімі өтіп кеткені болса, емханаларда орнатылған арнайы жәшіктерге әкеліп салыңыз. Бұл да – өзіңіздің және өзгенің өмірі үшін жауапкершілік.



Әзірлеген Нұржамал ӘЛІШ



ҚОЛДАУ

ШЕБЕРЛЕРМЕН БІРГЕ ШЫҢДАЛ!

Алматыда спортпен кәсіби түрде айналыспаса да, оған ынтасы мен бейімі бар балалар спорт мектептерінде тегін жаттыға алады.

Жаңа оқу жылында Алматы қаласының Спорт басқармасы балаларға спорттың түрлі бағыттары бойынша тегін жаттығып, тәжірибелі жаттықтырушылардың жетекшілігімен қабілетін дамытуға мүмкіндік ұсынды. Ол үшін басқармаға қарасты спорт мектептеріне тікелей жүгіну қажет. Оларда жеңіл және ауыр атлетика, бокс, дзюдо, еркін және грек-рим күресі, таеквондо, каратэ, жүзу, гимнастика, велоспорт, есу, семсерлесу, шаңғы спорты, биатлон, хоккей, баскетбол, волейбол, шахмат және басқа да спорт түрлері бойынша дайындық жүргізіледі.

Баланы спорт мектебіндегі жаттығуға жазу үшін алдымен, оның жасы мен қызығушылығын ескере отырып, спорт түрін таңдау қажет. Одан кейін таңдалған спорт түрі бойынша жаттығу өткізетін спорт мектебін анықтап, мекемеге хабарласқан жөн. Қабылдау талаптары мен іріктеу мерзімдері нақтыланған соң, қажетті құжаттар тапсырылады.

Олардың қатарында: спортпен шұғылдануға рұқсат беретін медициналық анықтама, баланың туу туралы куәлігінің

көшірмесі, баланың ЖСН-ы, ата-анасының бірінің жеке куәлігінің көшірмесі, 3x4 көлеміндегі 2 фотосурет, медициналық құжаттар (063/у, 026/у нысандары) және спорттық разряды болған жағдайда, оларды растайтын құжаттардың көшірмесі беріледі. Әрі қарай бала іріктеуге қатысады. Бұл сатыдан сәтті өткен балалар жаттығуға кіріседі. Қабылдау кезінде баланың жасы, жалпы дене дайындығы және таңдаған спорт түріне бейімділігі ескеріледі.

Спорт басқармасы өкілдерінің айтуынша, қабылдау жасы, іріктеу талаптары және қажетті құжаттар тізімі спорт түрі мен нақты мектепке байланысты әртүрлі болуы мүмкін. Сондықтан барлық ақпаратты таңдаған спорт мектебінен алдын ала нақтылап алған жөн. Спорт мектептерінің тізімі:

№1 олимпиадалық резервтегі мамандандырылған балалар-жасөспірімдер мектебі. Мұнда ауыр атлетика, баядарка және каноэде есу, грек-рим күресі, велоспорт, еркін күрес, жүзу, баскетбол, дзюдо, таеквондо, шахмат бар. Мекенжайы: Медеу ауданы, Жетбаев көшесі, 43/4. Телефон: 8 701 300 05 92.

№2 олимпиадалық резервтегі мамандандырылған балалар-жасөспірімдер мектебі. Спорт түрлері: жеңіл атлетика, бокс, таеквондо, грек-рим күресі, көгалдағы хоккей. Мекенжайы: Брусиловский көшесі, 134 А. Телефон: 8 (727) 301-98-38.

№3 кешенді балалар-жасөспірімдер мектебі. Балалар трамплиннен шаңғымен секіру, шаңғы қоссайысы, шаңғы жарысы, биатлон, конькимен жүгіру спорты, шорт-трек, мәнерлеп сырғанау, сноуборд, фристайл, тау шаңғысы спорты, шайбалы хоккей, керлингке қатыса алады. Мекенжайы: Абай даңғылы, 44/3. Телефон: 248-47-54.

№5 мамандандырылған кешенді балалар-жасөспірімдер спорттық-техникалық мектебі. Спорт түрлері: нысана көздеу, стендік ату, дзюдо, еркін күрес, грек-рим күресі, жүзу, суға секіру, су добы, артистік жүзу, садақ ату, үстел теннисі, тоғызқұмалақ. Мекенжайы: «Жас қанат» шағынауданы, 24 Б. Телефон: +7 707 967 24 95.

№6 олимпиадалық резервтегі мамандандырылған балалар-жасөспірімдер мектебі. Мұнда дзюдо, таеквондо, каратэ, бокс, еркін күрес, грек-рим күресі бар. Мекенжайы: Алатау ауданы, «Зерделі» шағынауданы, 1/122. Телефон: +7 707 001 08 01.

№7 олимпиадалық резервтегі мамандандырылған балалар-жасөспірімдер мектебі. Спорт түрлері: дзюдо, таеквондо WT, үстел теннисі, бадминтон, классикалық волейбол, көркем гимнастика, баскетбол, бокс. Мекенжайлары: Түркісіб ауданы, Рихард Зорге көшесі, 8 А; Жетісу ауданы, Жайсан көшесі, 20/1. Телефондар: +7 (727) 251-16-55, +7 (727) 351-86-95.

№8 олимпиадалық резервтегі мамандандырылған балалар-жасөспірімдер мектебі. Балалар семсерлесу, қазіргі бессайыс, таеквондо WT, спорттық құзға өрмелеу, триатлон, спорттық би, шахматқа қатыса алады. Мекенжайы: «Достық» шағынауданы, Сәдуақасов көшесі, 35, 1-корпус. Телефон: 393-52-82.

№9 олимпиадалық резервтегі мамандандырылған балалар-жасөспірімдер мектебі. Спорт түрлері: спорттық гимнастика, батутта секіру, спорттық акробатика, дзюдо, еркін күрес, брейкинг. Мекенжайы: Әуезов ауданы, 1-шағынаудан, 20 А. Телефондар: 8 (727) 390-62-64, 8 (727) 390-62-63.

№10 олимпиадалық резервтегі мамандандырылған балалар-жасөспірімдер мектебі. Спорт түрлері: бокс, таеквондо WT, каратэ WKF, жүзу, дзюдо, ауыр атлетика, семсерлесу. Мекенжайы: Қазыбаев көшесі, 286/2. Телефон: 8 (727) 220-36-56.

Сонымен қатар, спорт клубтарының есігі де балаларға ашық болады. Мәселен, мүмкіндігі шектеулі адамдарға арналған «Алматы» спорт клубы (Мақатаев көшесі, 13), Ұлттық және ат спорты түрлері клубы (Сәтбаев көшесі, 29/3, Орталық стадион, №3 кіреберіс) және Олимпиадалық емес және бұқаралық спорт түрлері клубы («Айнабұлақ-2» шағынауданы, 65/1).

ФУТБОЛ

КОНФЕРЕНЦИЯЛАР ЛИГАСЫ

«Қайратты» тартысты маусым күтіп тұр

Былтыр УЕФА Чемпиондар лигасының топтық кезеңінде өнер көрсеткен алматылық «Қайрат» биыл Еуропада беделі бойынша үшінші турнир – УЕФА Конференциялар лигасының негізгі кезеңінде бақ сынайды.

Өткен маусымда Қазақстан чемпионы атанған «сарыала» команда жаңа маусымда тағы да УЕФА Чемпиондар лигасының іріктеуіне қатысуға жолдама алған болатын. Рафаэль Уразбахтин жаттықтыратын ұжым іріктеуді осы жылы да жақсы бастады. Бірінші кезеңде Черногорияның «Сутьескасын» (2:1, 2:0), екінші кезеңде Кипрдің «Омониясын» (1:0, 0:1, пенальтиден 6:5) жеңді. Ал іріктеудің үшінші кезеңінде алматылықтар Болгарияның «Левски» командасына екі ойын қорытындысы бойынша (0:1, 0:1) жол берді.

Осылайша «Қайрат» Чемпиондар лигасындағы жолын аяқтап, Еуропа лигасына іріктеудің плей-оффына өтті. Онда тәжірибелі «Андерлехтпен» кездескен қайраттықтар екі кездесуде де қарсыласына есе жіберіп, Еуропа лигасынан да шығып қалды. Дегенмен,

Рафаэль Уразбахтин шәкірттері үшін Еуропадағы жарыс жолы түбегейлі аяқталған жоқ. Команда УЕФА Конференциялар лигасының топтық кезеңіне тікелей жолдама алды. Айта кеткен жөн, алматылық клуб аталған турнирдің негізгі кезеңінде 2021/2022 жылғы маусымда өнер көрсеткен болатын.

Жеребе жеңіл шыққан жоқ

Өткен аптада өткен жеребеде кейін «сарыала» команда УЕФА Конференциялар лигасының топтық кезеңіндегі қарсыластары белгілі болды. Жеребе нәтижесінде Алматы қаласының командасы өз алаңында «Панатинаикос» (Грекия), «Университатя Крайова» (Румыния), «Мьельбю» (Швеция) командаларына қарсы ойнаса, сырт алаңда «Аталанта» (Италия), «Твенте» (Нидерланд), «Ригамен» (Латвия) кездеседі.

Негізгі кезең ойындары 15 қазанда басталады. Финал 2027 жылдың 26 мамырында Франкфурт қаласындағы «Вальдштадион» стадионында өтеді. «Қайрат» алғашқы ойынды Латвияда «Рига» клубына қарсы 15 қазан



күні сағат 21.45-те өткізеді. Ал Орталық стадионында еуроданданың бірінші кездесуі 22 қазан, сағат 19.30-да болады. Жанкүйерлер арасында ерекше қызығушылық тудырған италиялық «Аталантаға» қарсы матч 5 қарашада (22.45) өтеді. Одан кейін «Қайрат» 26 қарашада «Мьельбюді», 10 желтоқсанда «Университатя Крайованы» Алматыда қабылдайды. Ал 18 желтоқсанда топтық кезеңдегі соңғы кездесуін «Твентеге» қарсы Швецияда өткізеді.

Еске салайық, турнирде 1–8 орын алған командалар тікелей 1/8 финалға жолдама алады. 9–24 орын алған командалар екі матчтан тұратын плей-офф кезеңінде ойнайды, жеңімпаздар 1/8 финалға өтеді. 25–36 орын алған командалар толықтай еурокубоктан шығып қалады.

Қытайда «қола» алды

«Қайрат» академиясының 17 жасқа дейінгі командасы (U-17) Қытай астанасы Бейжің қала-

сында өткен Great Wall International Youth Football Invitational халықаралық жасөспірімдер турниріне қатысты. Турнир қатысушылары арасында «Реал Мадрид», «Андерлехт», «Аустрия Вена», «Аугсбург», ПСВ, «Вулверхэмптон» сияқты танымал клубтардың академиялары және Қытайдың жасөспірімдер командалары болды. Жеребе нәтижесінде алматылықтар «Вулверхэмптон», «Аустрия Вена» академияларының тәрбиеленушілерімен және Бейжің U-16 командасымен жолықты. Бірінші ойында «сарықаралар» «Вулверхэмптонға» 4:0 есебімен, екінші кездесуде Бейжің U-16 командасын 3:0 есебімен жеңді. Ал топтық кезеңдегі шешу матчта «Аустрия Вена» ұжымынан 7:1 есебімен басым түсті. Турнирдің жартылай финалында «Қайраттың» жас ойыншылары «Реал Мадрид» академиясымен кездесті. Бұл ойында 0:1 есебімен испаниялықтар жеңіске жетті. Одан кейін қазақстандық команда Бейжің U-16 құрамасымен қола жүлдеге күресуге мүмкіндік алды. Шешуші ойында алаң иелерін тағы бір рет жеңген қайраттықтар Great Wall International Youth Football Invitational турнирінің қола жүлдегері атанды. Соңғы ойын 2:0 есебімен аяқталды.

**Бетті әзірлеген
Досбол АТАЖАН.**

ТІЛШІ ТАЛДАУЫ

«Алғашында дыбыс мысықтың мияулағанындай естілді. Қоқыс контейнерінің жанынан өте бергенде әлсіз ғана шырылын құлағым шалып қалды. Жақындап қарасам, қара пакет қозғалып жатыр екен. Ашып қалсам, ішінде жаңа туған сәби жатыр. Құндақталмаған, денесі мұздап кеткен. Не істерімді білмей, абдырап қалдым. Әлі көз алдымнан кетпейді...».

Бір кездері әлеуметтік желіні дүрліктірген бұл оқиға қоғамның жарасын тырнағандай болып еді. Қоқыс жәшігінен, арықтан, иен даладан немесе қараусыз қалған ғимараттан табылған жаңа туған нәрестелер туралы хабарлар жиі болмаса да анда-мұнда естіліп қалады. Оның әрбірі әлеуметтік желіде ашу мен айыптауға толы пікірлер тудырады. Біреулер мұндай көкек аналарды кешіруге болмайтынын айтса, енді бірі олардың қандай күйге түскенін түсінуге шақырады. Бірақ маңызды сұрақ жауапсыз қалады: қоқысқа тасталған сәби үшін кім кінәлі?

Бар дерек бәрін ашып бере алмай тұр

Тастанды сәбилердің кейбірі аман қалады, ал кейбірінің өмірі алғашқы сағаттарында-ақ үзіледі. Дегенмен, мұндай жағдайлар бойынша бірыңғай ресми статистика жүргізілмейді. Ашық дереккөздер мен полиция растаған мәліметтерге сәйкес, 2024–2026 жылдары кемінде төрт ірі оқиға тіркеліпті. Алматыда қоқыс сұрыптау зауытынан жаңа туған нәрестенің денесі табылса, Семейде екі бірдей жағдайда сәби қоқыс контейнерінен анықталды, ал Ақтөбеде қоқыс жәшігіне тасталған тірі шақалақ куәгерлердің арқасында аман қалған. Мұндай қылмыстық хроникалар – әлеуметтік, экономикалық және психологиялық мәселелердің тоғысқан тұсы. ҚР Үкіметі бекіткен «Қазақстан балалары» 2026–2030 жылдарға арналған тұжырымдамаға сәйкес, 2025 жылғы 1 қыркүйектегі жағдай бойынша елімізде 20 798 жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған бала тіркелген. Олардың 17 110-ы, яғни 82 пайызы қазақ шаңырағында тәрбиеленіп жатыр. Бұл мемлекет интернаттық тәрбиеден отбасылық модельге көшу бағытын ұстанып отырғанын көрсетеді.

Себеп біреу ғана болмайды

Әйткенмен, ресми статистика нәрестесін өміріне қауіп төндіретін жерге тастап кеткен аналардың нақты санын толық көрсете алмайды. Әйткені, бұл – көбіне қылмыстық істердің материалдарында ғана көрінетін, жасырын қалып қоятын әлеуметтік құбылыс.



Әлеуметтанушы Әдемі Амангелді жаңа туған нәрестеден бас тарту жеке адамның ғана емес, тұтас қоғамның әлеуметтік әл-ауқаты мен институттарының ахуалын



ТАСТАНДЫ СӘБИ:

Қоғам нені көрмей отыр?

көрсететін құбылыс деп бағалайды.

– Мұндай жағдайлар отбасы институтының әлсіреуімен, әлеуметтік қолдау жүйесінің жеткіліксіздігімен және қоғамдағы теңсіздік деңгейімен тығыз байланысты. Сондықтан бұл мәселені тек моральдық тұрғыдан бағалау жеткіліксіз, – дейді ол.

Сарапшының айтуынша, кейінгі жылдары мұндай оқиғалардың жиі болуына бірнеше фактор әсер етіп отыр. Біріншіден, урбанизация мен ішкі көші-қон күшейді. Ауылдан қалаға жұмыс іздеп келген немесе жоғары оқу орнына түскен көптеген жас қыз туған-туысынан алыс, әлеуметтік қолдаусыз өмір сүреді. Екіншіден, жалғызбасты аналар санының артуы және некесіз бала тууға қатысты қоғамдағы қысым әлі де сақталған. Үшіншіден, әлеуметтік желілер мен медианың дамуы мұндай оқиғалардың жария болуын арттырды.

– Көп жағдайда бір ғана себеп болмайды. Кедейлік, отбасылық зорлық-зомбылық, жұбайының немесе туыстардың қысымы, психологиялық күйзеліс қатар әсер етеді. Ал қоғамдағы стигма, әсіресе, некесіз жүктілікке байланысты айыптау кейбір әйелдерді жүктілігін жасыруға және бала туғаннан кейін шұғыл әрі қауіпті шешім қабылдауға итермелеуі мүмкін, – дейді әлеуметтанушы.

Бұл тақырыпта көбіне көлеңкеде қалатын мәселенің бірі – қалаға арман қуып келген жас қыздардың тағдыры. Алматыға білім алуға немесе жұмыс іздеп келген студент қыздардың арасында қолұшын созып, көмектесер әлеуметтік тірегі, туыстары жоқ, қаржылық мүмкіндігі шектеулі жандар баршылық. Кейбірі азаматтық некеде тұрады, кейбірі сүйген адамына сеніп, кейін қу тізесін құшақтап қалады. Мұндай жағдайларда жүктілікті жасыру, ата-анадан қорқу, оқуын немесе жұмысын жоғалтып алудан қауіптену – трагедияға бастайтын факторлардың біріне айналуы мүмкін.

Әлеуметтанушылар қоғамда әйелдердің өз құқығын білмейді әрі әлеуметтік қызметтерге жүгінуге ұялады немесе құқық қорғау органдарынан қорқады. Сондық-

тан нәрестені қауіпті жерге тастап кету әрекетінің бәрін алдын ала жоспарланған қатыгездік деп түсіндіру әрдайым дұрыс емес.

Қолдау да, қорғау да бар

Алматыда жаңа босанған жалғызбасты аналарға арналған қолдау жүйелері бар. Әсіресе, тұрмыстық қиындыққа тап болған, баспанасы жоқ, жақындарының қолдауынсыз қалған немесе баласынан бас тарту қаупі бар аналарға бағытталған мемлекеттік және үкіметтік емес ұйымдардың бірнеше орталығы жұмыс істейді.

«Ана үйі» – Қазақстан бойынша жұмыс істейтін қайырымдылық жоба, Алматыда да орталығы бар. Орталыққа жүктіліктің соңғы кезеңіндегі әйелдер және 18 айға дейінгі сәбиі бар жалғызбасты немесе қиын өмірлік жағдайға тап болған аналар қабылданады. Мұнда уақытша тегін тұру, тамақ, медициналық сүйемелдеу, психологиялық көмек, заңгерлік кеңес, жәрдемақыларды рәсімдеуге көмек, әкелікті анықтау, алимент өндіру мәселелері бойынша қолдау, сондай-ақ жұмысқа орналасуға және кәсіптік дағдыларды үйренуге көмектесу қызметтері көрсетіледі. Көп жағдайда бұл орталық нәрестеден бас тартудың алдын алу үшін жұмыс істейді.

Мегаполистегі SOS Балалар ауылы ұйымы тек жетім балалармен емес, тәуекел тобындағы отбасылармен де жұмыс істейді. Жалғызбасты аналарға әлеуметтік қызметкер, психолог, құқықтық кеңес, ата-ана дағдыларын дамыту және кейбір жағдайларда материалдық қолдау көрсетіледі.

«Жанұя» отбасын қолдау орталығы отбасылық қиындықтарға тап болған азаматтарға кеңес береді. Мұнда психологиялық, әлеуметтік және құқықтық қолдау алуға болады, сондай-ақ мемлекеттік жәрдемақылар мен әлеуметтік қызметтерге бағыттама беріледі. (Алматыдағы жергілікті ұйым ретінде тіркелген).

Жаңа босанған әйелдер мынадай мемлекеттік қолдауларды ала алады:
● бала тууға байланысты

біржолғы, 1,5 жасқа дейін бала күтімі бойынша ай сайынғы жәрдемақы;

● табысы төмен отбасы болса – атаулы әлеуметтік көмек (АӘК);

● емхана жанындағы патронаж қызметі (дәрігер мен мейіргердің үйге келуі, ана мен нәрестенің жағдайын бақылау);

● кейбір аудандық әлеуметтік бағдарламалар арқылы азық-түлік, киім-кешек немесе тұрмыстық көмек.

Егер әйел жаңа босанғаннан кейін баспанасыз қалса, зорлық-зомбылықтан қашып шықса немесе баласын қалдыруға мәжбүр болып отырса, ең тиімді бағыт – «Ана үйіне» жүгіну. Бұл орталықтар дәл осындай жағдайдағы әйелдерді қабылдап, бірнеше айдан бір жарым жылға дейін қолдау көрсете алады.

«Жазадан бұрын көмек керек»

Психолог Мөлдір Тоқжанның пікірінше, жаңа туған нәрестесін тастап кеткен әйелдерді бірден қатыгез немесе мейірімсіз деп бағалау дұрыс емес. Көп жағдайда олар қорқыныш, ұят, жалғыздық, үмітсіздік сияқты ауыр психологиялық күйзелісті бастан өткеріледі. Әсіресе, босанғаннан кейінгі алғашқы күндері эмоциялық тұрақсыздық күшейіп, депрессия, үрей немесе психологиялық шок адамның дұрыс шешім қабылдау қабілетіне әсер етуі мүмкін.

Маманның айтуынша, жүктілік кезінде зорлық-зомбылық көру, жұбайының тастап кетуі, ата-анадан қорқу немесе әлеуметтік қысым әйелді тығырыққа тіреуі ықтимал. Ал қоғамның айыптауынан қорқу олардың көмек сұрауына кедергі келтіреді.

«Мұндай трагедиялардың алдын алу үшін жүкті әйелге медициналық, психологиялық және әлеуметтік қолдау қатар көрсеті-

луі керек. Қоғам әйелді жазғыруға емес, көмек сұрауға мүмкіндік беретін орта қалыптастыруы тиіс», – дейді Мөлдір Тоқжан.

Заң жазалайды, әлем алдын алуға тырысады

Жаңа туған нәрестені өміріне қауіп төнетін жерге тастап кету Қазақстанда ауыр құқықтық салдарға әкеледі. Егер сәби қаза тапса, әрекет істің мән-жайына қарай Қылмыстық кодекстің 99-бабы – «Адам өлтіру» бойынша сараланып, 8 жылдан 15 жылға дейін бас бостандығынан айыру жазасына әкелуі мүмкін.

Ал баланы анасының босану кезіндегі немесе босанғаннан кейінгі психикасын күйзелтетін жағдайдағы ерекше психофизиологиялық ахуалында өлтіруі Қылмыстық кодекстің 100-бабына сәйкес қаралады. Бұл жағдайда төрт жылға дейін бас бостандығын шектеу немесе айыру жазасы көзделген.

Алайда, әлем елдерінің тәжірибесі мұндай жағдайлардың алдын алуда жазадан бөлек тетіктердің де маңызды екенін көрсетеді. Мәселен, Германияда анасы нәрестесін анонимді әрі қауіпсіз қалдыра алатын «сәби терезесі» (Babyklappe) және жеке басын құпия сақтай отырып медициналық көмек алуға мүмкіндік беретін құпия босану жүйесі бар. Францияда әйелге жеке деректерін жарияламай босануға мүмкіндік беретін accouchement sous X тетігі қарастырылған. Ал АҚШ штаттарының басым бөлігінде Safe Haven заңдары жұмыс істейді. Олар ата-анаға нәрестені аурухана, өрт сөндіру бөлімі немесе арнайы қабылдау орнына қауіпсіз тапсыруға мүмкіндік береді.

Қазақстанда әзірге әйелдің жаңа туған нәрестені толық анонимді түрде қауіпсіз тапсыруына арналған бірыңғай ұлттық жүйе жоқ. Баладан ресми бас тарту медициналық мекемелер арқылы жүзеге асқанымен, ол белгілі бір құқықтық рәсімдерді талап етеді.

Әлеуметтанушы Әдемі Амангелдінің пікірінше, әйелдердің бір бөлігі өз құқықтары мен қолжетімді әлеуметтік көмектер туралы білмейді, мамандарға жүгінуге ұялады немесе құқық қорғау органдарынан қорқады. Мұндай жағдайда тығырыққа тірелген адам заңды әрі қауіпсіз жолды емес, қауіпті шешімді таңдауы мүмкін.

Қоқыс жәшігінен табылған әрбір сәби – жеке адамның ғана емес, қоғамның да трагедиясы. Мұндай оқиғадан кейін кінәліні іздеу маңызды. Бірақ одан да маңыздысы – әйелді осындай қадамға итермелеген себептерді түсінуге.

Ол әлеуметтік қысымнан қорыққан жас қыз, зорлық-зомбылықтан зардап шеккен әйел, жалғыз қалған студент немесе қиын жағдайға тап болған ана болуы мүмкін. Бұл – әрекетті ақтамайды. Бірақ оның себептерін елеулі мәселені шешпейді.

Сондықтан басты сұрақ – кінәліні жазалау ғана емес, осындай қайғылы жағдайдың алдын алу үшін қоғамда қандай қауіпсіз жолдар бар? Әйел көмек сұраудан қорықпайтын, ал өмірге қауіп төнген сәтте нәрестені қауіпсіз жерге тапсырудың заңды әрі қолжетімді тетігі бар қоғам қалыптастыру – маңызды міндет.

Дана САДЫРҚАН.
Сурет: Самат ҚҰСАЙЫНОВ.

АЛМАТЫ САҚШЫЛАРЫ

күшейтілген режимге көшті

Жаңа оқу жылының алғашқы күндері мектептердің маңында қауіпсіздік жағы күшейеді. 700 полиция қызметкері мен 130-дан астам сақшы экипажы қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етіп, жол қозғалысын реттеуге атсалысады. Көлік қатынасы аса тығыз жерлерде инспекторлар қозғалысты реттеп, балалардың жолдан қауіпсіз өтуіне көмектеседі.



Қыркүйек айының басында жол жүктемесінің артуына қаланың қалай дайындалып жатқаны туралы Алматы қаласы Полиция департаменті Қоғамдық қауіпсіздік басқармасының бастығы **Тимур Ноғайбаев** айтып берді.

Оқу жылы басталысымен мектеп пен балабақшаның маңында көлік қозғалысының қарқыны артады. Қаланың кейбір жеріндегі жол жөндеу жұмысы да қосымша жүктеме түсіреді. Осыған байланысты қыркүйек айының алғашқы күндері Алматы полициясы

күшейтілген режимге көшті. Осы күндері көлік қозғалысын қолмен реттеп, стационарлық бекет пен мобильді сақшылар жұмыс істейді.

«Жалпы білім беретін мектептерде сол аумақты, оқу орнына кіреберіс пен жаяу жүргіншілер жолын жақсы білетін полиция қызметкерлері бекітілген. Көлік қозғалысы аса тығыз учаскелерде инспекторлар қолмен реттеуге көшеді. Бұл балалардың жолдан қауіпсіз өтуіне, көлік ағынының шамадан тыс кептеліс тудырмауына мүмкіндік береді», – дейді Тимур Ноғайбаев.

Полиция мектеп маңындағы жолдың жай-күйіне де ерекше назар аударады. Оқу жылы қарсаңында мүдделі қызметтермен бірлесіп жаяу жүргіншілер өткелі, жол белгісі мен жол таңбасы, жарық жағы мен көше-жол желісінің өзге де элементтерін түгел тексеріп шықпақ.

Бүгін көлік қозғалысына түсетін жүктеме жоғары болады. Полиция тұрғындарға маршруттарын алдын ала жоспарлап, мүмкіндігінше жеке көліктің орнына қоғамдық көлікті пайдалануға кеңес береді.

Гүлжанат СЕМБАЕВА.

МЕМЛЕКЕТТІК БИЛІКТІҢ АШЫҚТЫҒЫ – сенімнің негізі және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл

Әуезов ауданы әкімдігі аппаратының жұмысы құжаттар мен есептерден емес, халықтың сенімінен басталады. Әрбір тұрғын үшін оның өтініші тыңдалатынын, мемлекеттік қызметтің уақытылы әрі сапалы көрсетілетінін, бюджет қаражатының ұтымды пайдаланылатынын және сыбайлас жемқорлық көріністеріне орын болмайтынын түсіну маңызды. Сондықтан сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл, мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің сапасын арттыру, азаматтардың өтініштерін объективті қарау және бюджет қаражатын тиімді пайдалану мәселелерін бір жүйенің өзара байланысты бағыттары ретінде қарастырамыз. Оның негізінде – ашықтық, заңдылық және жеке жауапкершілік.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін азайту – оларды алдын ала болдырмау

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелерінде біз қарапайым қағидатты басшылыққа аламыз: салдарын жолудан гөрі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін туындатуы мүмкін жағдайларды дер кезінде анықтап, болдырмау тиімдірек. Әкімдік аппаратының қызметінде мұндай тәуекелдер тұрақты негізде талданып, ішкі процестер жетілдіріліп, қабылданатын шешімдердің ашықтығы арттырылуда. Азаматтардың мемлекеттік органдармен өзара іс-қимылы неғұрлым жиі жүзеге асырылатын салаларға: мемлекеттік қызметтер көрсетуге, абаттандыруға және аудан тұрғындарының күнделікті өміріне қатысты басқа да мәселелерге ерекше көңіл бөлінеді.

Профилактиканың маңызды құралдарының бірі – цифрландыру. Рәсім неғұрлым ашық және лауазымды тұлға мен қызмет алушы арасындағы негізсіз тікелей байланыстар неғұрлым аз болған сайын, ықтимал сыбайлас жемқорлық тәуекелдері де төмендейді. Алайда, сыбайлас жемқорлықтың алдын алу тек әкімшілік рәсімдер мен цифрлық құралдардан тұрмайды. Мемлекеттік қызметшілердің жауапкершілікке, адалдыққа және азаматтарға құрметпен қарауға негізделген тиісті мінез-құлық мәдениетін қалыптастыру да маңызды. Біздің міндетіміз – мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің қолжетімділігі мен сапасын үнемі арттыру. Мемлекеттік қызметші нормативтік талаптарды біліп қана қоймай, азаматқа қызмет алу тәртібін, қажетті құжаттар тізбесін және белгілі бір шешім қабылдаудың негіздерін түсінікті түрде түсіндіре білуі тиіс.

Әкім аппаратының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі 15 мемлекеттік қызмет көрсетеді, тағы 1 қызмет проактивті форматта ұсынылады. Есепті кезеңде атаулы әлеуметтік көмек көрсету бойынша 710 адамды қамтитын отбасылардан 161 өтініш қабылданды. Төлемдердің жалпы сомасы 86,1 млн. теңгені құрады. 86 өтініш берушіге тұрғын үй көмегі тағайындалып, 2,31 млн. теңге төленді. Сонымен қатар, азаматтардың көплеген санаттарына қолданылатын заңнамға сәйкес әлеуметтік көмектің әртүрлі түрлері көрсетілді. Мүгедектігі бар адамдарға әлеуметтік қызметтер көрсету, оларды оқалтудың техникалық құралдарымен, санаторийлік-курорттық емдеумен, сондай-ақ жеке көмекшілер мен ымдау тілі мамандарының қызметтерімен қамтамасыз ету жұмыстары жалғасуда.

Қоғамдық даму бөлімі екі мемлекеттік қызмет көрсетеді – азаматтарды мерзімді әскери қызметке шақырудан босату және әскери қызметке шақыруды кейінге қалдыру. Есепті кезеңде 703 өтініш түсті: 185 азамат әскери қызметке шақырудан босатылды, 518 азаматқа кейінге қалдыру берілді. Барлық өтініштер белгіленген мерзімдерде қаралды. Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімдерін бұзу және олардың сапасына қатысты шағымдар тіркелген жоқ. Мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі спорттық разрядтар мен біліктілік санаттарын беру бойынша мемлекеттік қызмет көрсетеді. Есепті кезеңде 462 мемлекеттік қызмет көрсетіліп, 14 өтініш бойынша белгіленген талаптарға сәйкес бас тарту туралы шешім қабылданды. 2026 жылдың жеті айында «Е-Өтініш» ақпараттық жүйесі арқылы жеке және заңды тұлғалардан 7849 өтініш келіп түсті. Олардың барлығы заңнамада белгіленген тәртіппен тіркеліп, қаралды. Өтініштерді қарау мерзімдері мен сапасы тұрақты негізде бақыланады, олардың келіп түсу себептері және халық үшін неғұрлым өзекті мәселелер талданады. Жауапты орындаушылармен атқарушылық тәртіп пен кері байланыстың сапасын арттыруға бағытталған жұмыс кеңестері өткізіледі.

Сонымен қатар, өтініштер тек «Е-Өтініш» арқылы ғана келіп түспейді. Жыл басынан бері Алматы қаласы әкімдігінің Open Almaty қоғамдық қабылдау бөлмесі арқылы 473 өтініш келіп түсті. Олардың басым бөлігі жасыл желектерді кесу, санитарлық тазалау және жолдарды жөндеу мәселелеріне қатысты болды. Барлық өтініштер бойынша жұмыс жүргізілді. Мобильді қосымша арқылы 42 өтініш келіп түсті, оның ішінде жасыл желектерді кесу және балалар алаңдарын жөндеу мәселелері бойынша өтініштер бар. Әлеуметтік желілер арқылы тағы 1076 өтініш келіп түсті. Оның 1026-сы қаралды, 50 өтініш бойынша жұмыс жалғасуда. Тұрғындармен тікелей қарым-қатынастың маңызы ерекше. Жеке қабылдаулар, халықпен кездесулер және жергілікті жерлерге шығу арқылы жағдайды тек құжаттар мен қызметтік анықтамалар арқылы ғана емес, адамның өз көзімен көруге мүмкіндік туады. Бекітілген кестеге сәйкес, аудан әкімі азаматтарды апта сайын жеке қабылдауын өткізеді.

2026 жылдың жеті айда 25 жеке қабылдау өткізіліп, 118 азамат қабылданды және 193 мәселе қаралды. Өтініштердің ең көп бөлігі коммуналдық шаруашылық мәселелеріне қатысты болды – 62 мәселе. Құқықтық мәселелер бойынша 28 өтініш, абаттандыру мен экология бойынша – 21, кәсіпкерлік бойынша – 17, тұрғын үй мәселелері бойынша – 11 өтініш келіп түсті. Сонымен қатар, тұрғындар әлеуметтік сала, жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар, мәдениет және тілдерді дамыту, жер қатынастары, инженерлік және жол инфрақұрылымы, денсаулық сақтау, білім беру, құрылыс және экология мәселелері бойынша жүгінді. Қарау қорытындысы бойынша 11 мәселе оң шешілді, 62 мәселе бойынша жазбаша түсіндірме берілді, тағы 98 мәселе бойынша түсіндірме тікелей қабылдау барысында ұсынылды. 22 мәселе құзыреті бойынша басқа мемлекеттік органдарға жолданды.

Бюджет – тұрғындардың қаражаты

Бюджет қаражатына жауапкершілікпен қарау – мемлекеттік басқару тиімділігінің негізгі көрсеткіштерінің бірі. 2026 жылға арналған қаржыландыру жоспары 27 858 097,0 мың теңгені құрайды. Жеті айға 12 941 180,0 мың теңге қарастырылып, іс жүзінде 12 889 510,7 мың теңге немесе 99,6% игерілді. Бұл ретте біз үшін бөлінген қаражатты жәй ғана игеру маңызды емес. Әрбір бюджеттік баптың артында тұрғындар көріп, сезінетін нақты нәтиже болуы тиіс: абаттандырылған аула, жөнделген жол, сапалы инфрақұрылым, қауіпсіз әрі жайлы қоғамдық кеңістік. Тұрғындардың қаражатты бөлуге тікелей қатысу тетіктерінің бірі – «Халық қатысатын бюджет» бағдарламасы. Оның аясында 30 жобаны іске асыру басталды.

Жүргізіліп жатқан жұмыстар өз нәтижесін беруде: мемлекеттік органдар қызметінің ашықтығы артып, мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің сапасы жақсаруда, өтініштерді қарау мен бюджет қаражатын пайдалануға бақылау күшейтілуде. Біздің міндетіміз – ауданда ашықтық нормаға айналатын, мемлекеттік қызметтер қолжетімді әрі сапалы көрсетілетін, бюджет қаражаты ұтымды әрі барынша тиімді пайдаланылатын, ал әрбір өтініш мұқият және объективті қаралатын басқару моделін қалыптастыру. Ашықтық, заңдылық, жауапкершілік және сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілік мемлекеттік басқару сапасын арттырып қана қоймай, тұрғындардың сенімін нығайтуға мүмкіндік беретініне сенімдіміз. Өйткені, сенімді талап ету мүмкін емес – оған күн сайын нақты істер мен нәтижелер арқылы ие болу қажет.

Абзал ЕГЕМБЕРДИЕВ,
Әуезов ауданының әкімі.

КОНСТИТУЦИЯ – ЖАҢА ДӘУІРДІҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ НЕГІЗІ

Қазақстан Республикасының Конституциясы – мемлекетіміздің тұрақтылығы мен дамуының, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарының негізгі кепілі. 1995 жылғы 30 тамызда бүкілхалықтық референдумда қабылданған Конституция еліміздің тәуелсіздік жылдарындағы саяси, әлеуметтік және экономикалық дамуына берік құқықтық негіз қалыптастырды. Алайда, қоғамның өзгеруі, мемлекеттік басқару жүйесінің жаңғыруы және азаматтардың сұраныстары конституциялық дамудың жаңа кезеңін талап етті.

Осыған байланысты 2026 жылғы 15 наурызда республикалық референдумда Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясы қабылданып, 1 шілдеден бастап күшіне енді. Осы күннен бастап 1995 жылғы Конституцияның қолданысы тоқтатылды.

Жаңа Конституцияның басты ерекшеліктерінің бірі – мемлекеттік билік институттарының құрылымын жаңарту. Бұған дейін елімізде заң шығарушы орган ретінде Сенат пен Мәжілістен тұратын Парламент жұмыс істесе, жаңа Конституция бойынша оның орнына Құрылтай қалыптастырылады. Бұл мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіруге және өкілді биліктің жаңа моделін қалыптастыруға бағытталған маңызды өзгеріс.

Конституциялық өзгерістердің тағы бір маңызды бағыты – мемлекет басшысының институтын жетілдіру. Жаңа Конституцияда Вице-Президент лауазымы көзделген. Оның құқықтық мәртебесі арнайы конституциялық заңмен бекітілді. Сонымен қатар, Президент пен мемлекеттік органдардың өзара іс-қимылының конституциялық негіздері нақтыланды.

Жаңа Конституцияда азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау мәселесіне де ерекше мән берілген. Конституциялық заңдылықты қамтамасыз ететін Конституциялық Соттың мәртебесі күшейтіліп, оның тәуелсіз мемлекеттік орган ретіндегі рөлі нақты айқындалды. Конституциялық Сот Конституцияның бүкіл ел аумағында үстемдігін қамтамасыз ететін маңызды институт ретінде белгіленді.

Мемлекеттік басқару жүйесінің өзгеруі мемлекеттік қаржы саласына да өз әсерін тигізеді. Қазақстан Республикасының Қазынашылық жүйесі – мемлекеттік бюджеттің атқарылуын қамтамасыз ететін маңызды буын. Қазынашылық органдарының қызметі әрбір бюджет қаражатының заң талаптарына сәйкес жұмсалыуына, мемлекеттік қаржы тәртібінің сақталуына және бюджет қаражатын тиімді пайдалануға бағытталған.

Осы тұрғыдан алғанда, Конституциядағы өзгерістерді тек мемлекеттік институттардың қайта құрылуы ретінде қабылдауға болмайды. Бұл – мемлекеттік басқарудың барлық саласында заңдылықты, ашықтықты, жауапкершілікті және азаматтардың мемлекетке деген сенімін арттыруға бағытталған жаңа кезең.

Қазіргі таңда мемлекеттік қызметшілер үшін Конституция талаптарын сақтау – кәсіби міндет қана емес, азаматтарға және мемлекетке деген жауапкершіліктің көрінісі. Әсіресе, мемлекеттік қаржы саласында қызмет атқаратын мамандар үшін заңдылық қағидатын ұстанудың маңызы зор. Себебі, бюджет қаражаты – халықтың және мемлекеттің ортақ ресурсы.

Жаңа Конституцияның қабылдануы Қазақстанның құқықтық және мемлекеттік дамуының жаңа кезеңін бастады. Ең бастысы – Конституцияда бекітілген қағидалар мен нормаларды күнделікті мемлекеттік қызметте нақты іске асыру. Мемлекеттік органдардың тиімді жұмысы, заң талаптарын сақтау және азаматтардың құқықтарын қорғау – ел дамуының негізгі шарттарының бірі.

Сондықтан жаңа Конституцияны тек заңгерлер мен мемлекеттік қызметшілер ғана емес, әрбір азамат білуі және оның мәнін түсінуі қажет. Өйткені, Конституция – мемлекеттің ғана емес, бүкіл қоғамның ортақ құқықтық негізі.

Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясы – заң үстемдігін нығайтуға, мемлекеттік басқаруды жетілдіруге және елдің болашақ дамуына бағытталған маңызды тарихи қадам.

Олжас МЕРЕКЕҰЛЫ,
Алматы қаласы бойынша Мемлекеттік қазынашылық департаменті Шарттарды тіркеу басқармасының бас маманы-бас қазынашысы.



Бас директор –
Ержан ҚАЛЫМБАЙҰЛЫ
тел.: 248-64-04.

Қабылдау бөлмесі:
тел.: 248-60-08.

E-mail:
almatyaqparat@gmail.com

Бас директордың орынбасары –
Абдухалил ЖАЛИЛОВ

Бас редактор –
Есхат БОЖАН

Жауапты хатшы –
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Ақпараттық-талдау
бөлімінің редакторы –
Рая ЕСКЕНДІР

Саясат және экономика
бөлімінің редакторы –
Нұржамал ӘЛІШ

Цифрлық инфрақұрылым
және кері байланыс бөлімінің
редакторы –
Гүлжанат СЕМБАЕВА

Коммерциялық директор –
Куаныш ДЮСКАЛИЕВ
тел.: 248-49-55. E-mail:
rekalmatyaqparat@gmail.com

Жарнама және
тарату бөлімі. E-mail:
rekalmatyaqparat@gmail.com
тел.: 248-49-55.

8 707 948 73 78

Шығармашылық даму жөніндегі кеңес

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітказы МАТАЕВ,
Валерий ЖАНДӘУЛЕТОВ

ГАЗЕТТІ ЖЕТКІЗУ БОЙЫНША ШАҒЫМДАР БОЛСА... «Қазпошта» АҚ Алматы почтамтына:

8 777 078 53 48,
8 747 204 19 70 (WhatsApp)
телефоны арқылы сағат 9.00-ден
18.00-ге дейін хабарлаңыз

ALMATY AQSHAMY

Республикаға тарайтын қоғамдық-саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:
«Almaty Aqparat» ЖШС.
E-mail:
almatyaqparat@gmail.com
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

Газет аптасына 2 рет, сейсенбі және жұма күндері шығарылады.
Нөмірдің таралымы – 10 252 дана (сейсенбі)

Кезекші редактор – Аяжан ҚУАНЫШОВА

Газет «Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат комитеті» республикалық мемлекеттік мекемесінде тіркелген. Тіркеу туралы № KZ51VPY00150334 куәлігі 26.05.2026 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy»-ның компьютер орталығында теріліп, беттелді. Суреттердің сапасына редакция жауапты. Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді. Автордың мақалалары редакция көзқарасын білдірмейді. Газет «Алматы-болашақ» АҚ-да басылды. 050026, Алматы қаласы, Мұқанов көшесі, 223 В. Тел.: 8 (727) 378-40-08, 378-42-00. Оффсеттік басылым, көлемі 2 баспа табақ.

«Almaty aqshamy» газеті «AIR ASTANA» әуе компаниясының бизнес-класс бортында және «Жолаушылар тасымалы» АҚ пойыздарындағы жолаушыларға қолжетімді.



Алматыдағы №224 мектепте «Таза Қазақстан» акциясы аясында «GREEN UP» экологиялық жобасы таныстырылды. Жоба оқушылардың экологиялық мәдениетін қалыптастыруға, қалдықтарды сұрыптау мен жауапты тұтыну дағдыларын күнделікті өмірге енгізуге бағытталған. Кездесу барысында қатысушыларға жобаның мақсаты мен міндеттері түсіндіріліп, қалдықтарды сұрыптау мен қайта өңдеудің маңызы көрсетілді.

Бастаманың басты ерекшелігі – экологияны бір реттік сенбілік немесе акция ретінде емес, әр адамның күнделікті өмір салтының бір бөлігіне айналдыру. «GREEN UP» бастамасы арқылы мектеп оқушылары қалдықтарды бөлек жинау, қайта өңдеуге тапсыру, табиғи ресурстарды үнемдеу және экологиялық волонтерлікке қатысу сияқты бағыттарға тартылмақ.

Мектеп директоры Райза Ахметова жоба оқушылардың табиғатқа деген көзқарасын өзгертуге мүмкіндік беретін маңызды бастама екенін атап өтті.

– Бұл жобада біз шәкірттеріміздің экологиялық мәдениетін қалыптастырып, қоршаған ортаға жауапкершілікпен қарауды күнделікті әдетке айналдыруды көздейміз. Бала табиғатты қорғау туралы біліп қана қоймай, оның тазалығына нақты іспен үлес қоса алуы керек, – дейді ол.

«GREEN UP» жобасының басты бағыттарының бірі – оқушыларды экологиялық бастамаларға белсенді түрде тарту. Балалар идеяларын ұсынып, табиғатты қор-

ғауға арналған шағын жобаларын жүзеге асыруға мүмкіндік алады. Бұл жұмысқа мұғалімдер мен ата-аналарды да кеңінен тарту көзделіп отыр.

Жоба таныстырылымында экологиялық мәдениет, жауапты тұтыну, қалдықтарды бөлек жинау және материалдарға екінші өмір сыйлау мәселелері талқыланды.

Бастаманы таныстырған эколог Евгений Мұхамеджановтың айтуынша, экологиялық мәдениетті қалыптастыру үшін әр адам күнделікті қарапайым әрекеттерден бастауы қажет.

– Адамдар сенбілікке қатысып, қоқыс жинап, көшет отырғызуы мүмкін. Алайда, экологияға деген жауапкершілік күнделікті өмірде де көрінуі керек. Қалдықтарды сұрыптау, қажетсіз қоқысты азайту, қайта өңдеуге тапсыру сияқты қарапайым әдеттер қоғам мәдениетінің бір бөлігіне айналуы тиіс. Мұндай дағдыларды қалыптастырудың ең тиімді жолы – балалармен жұмыс істеу, – дейді Евгений Мұхамеджанов.

Экологтың сөзінше, жоба аясында арнайы мобильді қосымша пайдаланылмақ. Оның көмегімен қатысушылар өздерінің

экологиялық жетістіктерін тіркей алады. Мәселен, оқушы тұрмыстық қалдықтарды сұрыптап, экохабқа тапсырған кезде бұл оның жеке көрсеткішінде белгіленеді. Сонымен қатар, мектептің немесе ұйымның жалпы нәтижесі де қалыптасады. Бұл тәсіл оқушылардың экологиялық бастамаларға қызығушылығын арттырып қана қоймай, білім беру ұйымдары арасында пайдалы бәсекелестік қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Жоба таныстырылымында қатысушылар қалдықтарды қайта өңдеу процесімен де танысты. Арнайы жабдықтардың көмегімен пластик және басқа да материалдарды өңдеп, одан жаңа бұйымдар жасау мүмкіндігі көрсетілді.

Оқушылар макулатура мен пластик қалдықтарын жинап әкеліп, оларды қайта өңдеуге тапсырды. Осылайша жоба қатысушылары экологиялық мәдениеттің алғашқы қадамын теория жүзінде ғана емес, іс жүзінде де орындап көрді.

Алдағы уақытта жобаға экологиялық волонтерлік бағытты да қосу жоспарланып отыр. Белсенді оқушылар экологиялық клубтар құрып, түрлі бастама мен акцияларға қатыса алады.

Дана САДЫРҚАН.
Сурет: Қ.ҚОНЫСБАЕВ.

ЭКО-БАТТЛ

Ең таза аудан

Алматыда 1 қыркүйектен бастап қаланың сегіз ауданы арасында «Аудандардың эко-баттлы» қалалық байқауы басталады. Байқаудың мақсаты – тұрғындарды экологиялық бастамаларға белсенді тарту және аудандар арасындағы экологиялық бәсекелестікті арттыру. Өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте «Таза сана» жобасының өкілдері байқаудың ережесі мен бағалау тәртібін таныстырды.

Байқау барысында аудандар тұрғындардың белсенділігі, экологиялық іс-шаралар, нақты экологиялық нәтиже, ақпараттық белсенділік және қала тұрғындарының ашық дауыс беруі бойынша бағаланады.

«Таза сана» жобасының жетекшісі Наргиз Қабдоллаеваның айтуынша, әрбір экологиялық акция мен жүзеге асқан бастама ауданның жалпы ұпайына әсер етеді:

– Тұрғындар неғұрлым белсенді болып, өз идеяларын жүзеге асырса, аудан рейтингте соғұрлым жоғары көтеріледі. Біз қорытындыны сөзге емес, тұрғындардың нақты әрекетіне қарай анықтағымыз келеді, – деді ол.

Ал жоба эко-белсендісі Марина Яцун экологиялық мәдениетті қалыптастыруда тұрғындардың өз ауласынан бастау маңызды екенін атап өтті.

– Экологияны абстрактілі ұғым ретінде емес, күнделікті өмірдің бір бөлігі ретінде көрсету керек. Адам өз ауласынан бастап тазалық пен сұрыптаудың нәтижесін көргенде, экологиялық әдет те қалыптаса бастайды, – дейді ол.

Байқауға бастамашыл тұрғындар, эко-белсенділер, КСК және ОСИ өкілдері, еріктілер мен қалалық қауымдастықтар қатыса алады. Аудандардың рейтингі арнайы платформада нақты уақыт режимінде көрсетіледі. Нәтижесінде ең көп ұпай жинаған аудан жеңімпаз атанады. Сонымен қатар, «Үздік экологиялық бастама» және «Жылдың эко-бірлестігі» арнайы номинациялары бойынша да үздіктер анықталады.

Аяжан СЕРІКҚЫЗЫ.

КАРИКАТУРА СӨЙЛЕСІН



Карикатураны салған Ғалым СМАҒҰЛҰЛЫ.